

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 1 беті	

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ
жанындағы медицина колледжі

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

ТЕОРИЯЛЫҚ САБАҚҚА АРНАЛҒАН
ӘДІСТЕМЕЛІК ӨНДЕУ

Пән коды: ӘЭП 01

Пәні: «Философия және мәдениеттану негіздері»

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»

Біліктілігі: 5AB09130101 «Мейіргер ісіндегі қолданбалы бакалавр»

Оқу сағатының /кредит көлемі: 24/1

Теория: 24 с.

Курсы: 2

Оқу семестрі: 4

Бақылау түрі: с. сынақ

Шымкент, 2024 ж.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН
MEDISINA
AKADEMIASY



SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

044-73/11-293

Әдістемелік өңдеу

56 беттің 2 беті

«Жалпы білім беретін пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды.

Хаттама № 1 «21» 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі:  А.Т. Сатаев

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 3 беті

№1 сабақ.

5.1.Тақырыбы: Философия пәні, мақсаты және қызметтері. Ежелгі дүние философиясы. Қазақтардың алдыңғы философиясы

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Философияның басқа ғылымдардан ерекшелігін айқындау

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

1. Философия термині көне грек тілінен аударғанда даналыққа құштарлық, ал көне үнді тілінен аударғанда ақиқатты көру деген мағынаны береді. «Философ» сөзін ең алғаш рет интеллектуалды білімге ұмтылып, дұрыс өмір сүруге тырысқан адамдарды оқшаулау мақсатында көне грек математигі мен философы Пифагор қолданған. Философия терминін түсіндіріп, оны ерекше ғылымның түрі ретінде негіздеген Платон. Көне дүниеде философия деп аталған білім ғылымдардың алғашқы негіздері, практикалық байқаумен, қорытындылармен қатар адамдардың әлем туралы адам тіршілігінің мәні мен мақсаты, өзі туралы мәліметтерді біріктірді. Философияның қалыптасуы әлем туралы білімдер мен адамдардың өмірлік тәжірибесінің үйлесімділігін іздестіретін ерекше рухани ұстанымның пайда болуын паш етті. Философия даналыққа апаратын жол, яғни даналық философиядан да жоғары, оған философияның көмегімен көтерілуге болады. Даналық дегеніміз - әр нәрсенің шегін білу, байыбына бару, себебін түсіну, асықпай, аптықпай шешім қабылдау, яғни ол – адамның интеллектуалдық мүмкіндігінің шыңы, адам армандайтын рухани биіктік. Алғашқы философиялық теориялар өзінің мағынасы жағынан синкретті, яғни жиынтық білім болды. Өйткені, оның құрамында әлем мен адам туралы барлық білімдер сонымен қатар, математиканың, тарихтың, астрономияның, механиканың, медицинаның, этиканың, эстетиканың бастаулары орын алды. Антикалық философияның кез келген өкілінің әмбебап ойшыл, энциклопедиялық ғалым болғандығы жай ғана кездейсоқтық болмаса керек. 2000-нан астам жыл тарихында философияның пәні ұдайы өзгеріп, дамып отырды. Бірақ оның болмысында жылдар, ғасырлар өтсе де өзгермейтін тұрақты, тек оған ғана тән ерекшеліктері болды. Философияның іргелі сұрақтары дүниетаным мәселелерімен тығыз байланысты. Дүниетаным немесе дүниеге көзқарас, адамның сыртқы дүние қоршаған ортаға, өзіне - өзінің, басқаларға қарым – қатынасы туралы мәліметтердің жиынтығы. Сонымен қатар, ол адамның бағыт бағдарын, сенімі мен идеалдарын, принциптерін, ұмтылыстарын білдіреді. Дүниетаным адамның өзі және қоршаған орта туралы білімдерімен ғана шектелмейді. Өйткені, ол дүниенің бейнесі ғана емес, ең алдымен, дүниеге деген қатынас. Адам дүниеге бейжай немқұрайдылықпен немесе қызығушылықпен қарайды, оны не ізгілік, не зұлымдық тұрғысынан бағалайды.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 4 беті

2. Философия пәні. Философия адамның әлем мен өзінің мәнін іздей бастаған уақытта – ақ қалыптаса бастайды. Сондықтан да, философия әлемнің – жалпы теориясы және ондағы адамды теориялық тұрғыдан пайымдау. Философияны тек әлем ғана қызықтырып қоймаған, ондағы адам, оның мәні, өмір сүру заңдылықтары да оның назарынан тыс қалмаған. Өйткені, адам осы әлемде өмірге келеді, оның аясында қуанады, қайғырады, таным процесінің дәмін татиды, өледі. Философия - өзінің мәні мен мағынасы тұрғысынан адами сипатқа ие болған ғылыми сала. Өйткені, ешбір басқа әлем мен таным формасы «Әлем - Адам» күрделі байланысының барлық байлығы мен мүмкіндігін жан – жақты ашып көрсете алмайды. Философия - әлем туралы және ондағы адамның орны туралы жалпы ілім. Ол адам мен әлем байланысын қарастыра отырып, әлемді танудың, оны өзгертудің жалпы заңдылықтарын зерттейді. Философияның пәні басқа ғылымдардан ерекше. Өйткені, философия дегеніміз - өте терең теориялық білім. Оның құрамында онтология, гносеология, даму теориясы, антропология, әлеуметтік философия сияқты өте күрделі салалар бар. Философияның даму тарихында одан эстетика, этика, психология, саясаттану жеке пәндер болып бөлініп шықты.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою

5.4. иллюстративный материал:

- а) технические средства: компьютер, интерактивная доска, мультимедийное устройство.
- б) наглядные и дидактические средства: лапша для самостоятельной работы, тест задания, кроссворды.
- б) место учебы: аудитория

5.5. Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиеттер:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 5 беті	

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ф. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ф. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.7. Бақылау сұрақтары:

Бақылау сұрақтары мен тапсырмалар:

1. Мифтік көзқарас және оның тарихи рөлі қандай?
2. Философиялық білімнің ерекшеліктері неде?
3. Философияның негізгі бағыттары қандай?
4. Философияның маңызы мен рөлі неде?
5. Дүниетаным ғылым болып табыла ма?
6. Философия ғылымға жатады ма?

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№2 сабақ

5.1.Тақырыбы: Ежелгі Шығыс философиясы. Антика философиясы. Ортағасырлық Шығыс және Батыс философиясы

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Ежелгі Шығыс және Антикалық философияның ерекшеліктерін түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 6 беті	

в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Дүниетанымдық көзқарастың философияға айналуы әлемнің генетикалық бастамасын айқындап, түпнегізін (субстанциясын) тауып және сол түпнегіз ұғымын жалпы дүниетанымдақ көзқарастың негізі етіп қабылдауымен байланысты. Осы тұрғыдан Шығыста да, Батыста да көптеген ойшылдар әр түрлі талпыныстар жасап, алғашқы философиялық ой-пікірдің, ілімдердің қалыптасуына, дамуына мүмкіндік туғызды. Бірақ алғашқы философиялық ілімдердің деңгейі әр жерде әр түрлі және олардың өздеріне тән ерекшеліктері болды. Мысалы: Шығыс елдерінде (ежелгі Қытай, Үнді, Египет т.б) қола дәуірінен темір дәуіріне өту ұзақ уақыт алғандықтан ескі дәуірге тән әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, рухани көзқарастар жаңа дәуірде де көп өзгеріссіз сақталып қалды. Осыған қоса, әр халыққа тән психологиялық ерекшеліктерді ескерсек, Шығыс, Батыс философиясының кейбір мәселелер төңірегіндегі көзқарастардың жақындығына қарамастан олардың айырмашылықтары мен ерекшеліктерін түсініп, байыптауға болады. Айталық ежелгі Шығыс философиясы Антика философиясындағыдай классикалық деңгейге көтеріле алмады. Себебі Шығыста ежелгі өндірістік тәсілдің баяу қалыптасуына философиялық ой-пікірдің, сол кездегі ғылыми жетістіктерімен нашар байланыста болуы Шығыс философиясының діни-мифологиялық көзқарастан, күнделікті әдептілік санадан толық арылуына мүмкіндік бермеді. Тарихта философияның тууына негіз болған дүниежүзілік өркениеттің үш ірі ошағы көрсетілді. Олар: Қытай, Үндістан, Греция.

Ежелгі Қытай философиясы. Біздің дәуірімізге дейінгі ШҒ. аяғында пайда болған Ежелгі Қытай философиясы кейінірек негізгі алты философиялық мектептерге бөлінді: Олар: конфуцийшылдық, моизм, заң мектебі (легистер), даоизм, тұрпайы философия (натурфилософия) және атаулар мектебі. Мэн-Цзы б.дд 327-289ж Кун-фу-цзынның ілімін ары қарай жалғастыра отырып, аспан объективтік қажеттілік тағдыр ретінде игілікті қорғайды және оның еркі-адамдардың жігер еркі арқылы көрінеді. Демек, Ван билеуші Халқын өз баласындай сүйсе, халқы оны әкесінше жақсы көру керек деген пікірді уағыздайды. Сюн-цзы б.з.д 313ж өлген жылы белгісіз. Аспан мен жерді барлық денелердің шығу тегі ретінде мойындасада тағдырды аспанның еркі ретінде мойындамайды. Оның пікірінше аспанды қастерлеп, ол туралы ойланып отырғаннан гөрі, адамдардың күнделікті өміріне керекті заттарды көбейтіп, аспанның өзін бағындырған жөн. Әлем өзінің табиғи заңдылықтарымен өмір сүреді, оны зерттеп сырын ұқса, өз қажетіңе жаратуға болады. Олай болса, бақытты немесе бақытсыз, бай не қайыршы болу адамдардың өзіне байланысты. Жалпы алғанда, адамдар табиғатынан зұлым, қызғаншақ, дүниеқоңыз келеді, бірақ тәрбие арқылы адамгершілікке баулып, оның табиғатын өзгертуге болады. Конфуцийшылдық б.д.д 1ғ мемлекеттік ілімге, ал 9 ғ бастап Қытайдағы негізгі діни көзқарасқа айналды.

2. Легистердің (заңгерлердің) негізгі өкілдері –Шан-Ян б.дд 4 ғ Хан-Фэй Цзы б.дд 3ғ Легистер Конфуцийшылдардың әдептілікке негізделген заңдар жүйесінде басқару керек деген пікірлеріне қарсы болып, керісінше мемлекетті тек ғана билеушінің өзі шығарып, өзі бекіткен заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі, мейрімділік пен адамгершілік қылмысқа апаратын бірден –бір жол, ал шын қайырымдылық өз бастамасын жазалаудан алады деп уағыздайды.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 7 беті

Сөйтіп легистер ар-ожданның орнына заң алдындағы қорқынышты негізгі қағида етіп ұсынады. Төмендегідей ережелерді ұстану керек. Мақтаудан гөрі жазалау тәсілін қолдану. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей туғызу. Үлкен қылмысқа жол бермеу. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік туғызу. Мемлекет – үлкен отбасы, оның басшысы халықтың әкесі деген конфуцийшылдардың ілімінің орнына : легистер мемлекет өз алдына дербес құбылыс, ал билеуші – өзін ата-баба аруағынан да, халықтан да, аспаннан да жоғары қоятын деспат деген қағиданы ұсынады. Мемлекеттің негізгі мақсаттары: ұсақ патшалықтарды біріктіріп, аспан аясындағы мемлекет (Қытай) құру және оған басқа халықтарды бағындыру. Осы тұрғыдан өнерге, білімге деген құштарлық тежелуі керек. Мемлекеттің экономикалық негізі – қолөнер, сауда емес, егін шаруашылығы болу керек. Конфуцийшылдар мен легистердің арасындағы күрес көп жылдарға созылды. Тіпті қазірдің өзінде де осы философиялық бағыттарды жақтайтындар кездеседі.

3. Даоизм (б.дд 4-5ғ) Бұл ілімнің негізін қалаушы б.дд 4ғ өмір сүрген Лао-Цзы. Оның еңбегі « Дао және дэ» туралы ілім. Даоизм ілімі Дао ұғымына негізделген. Егер Конфуций философиясының ұғымында Дао-жол дегенді білдірсе, әдептілікті жетілдірудегі негізгі ұғым болса, даоизмде Дао – жалпы дүниетанымдық ұғым. Дао-алғашқы бастама, түпнегіз және барлық құбылыстардың, денелердің бірлігі, соңғы сатысы. Дао – барлық заттардың анасы. Даоизмдегі дао қарама – қарсы пікірлерге толы, Даоизмде - екі түрлі дао ілімі бар. Даоның бірінші түрінің аты жоқ себебі ол-денесіз, екі ұшты, соншалықты кішкентай, мәнсіз, көрінбейді, енжар және жалғыз. Ол – мәңгі, еш уақытта өзгермейді, еш нәрсе оны өзіне бағындыра алмайды. Ал өзі басқа заттардың дамып, жетілуіне көмектесе алады. Аты бар даоның негізгі қасиеттері: шексіз, таусылмайды, құдіретті, әрекетшіл. Даоистер аты жоқ даоны бейболмыс, аты барды болмыс деп түсінген. Сонымен дао түпнегіз ретінде заттарды дүниеге келтірсе, олардың әрі қарайған өмір сүруі «дэге» байланысты. Себебі «дэ» олардың өмір сүру заңы, оларды қоректендіруші. Олай болса, дао және дэсіз еш нәрсе дүниеге келіп, өмір сүруі мүмкін емес. Әуелдегі денелер аспан(ен-еркек) пен жер(инь-эйел) бастамалары және заттардың өмір сүру заңы арқасында гармониялық бірлікте болады. «Антик» философиясы деген термин мың жылдан аса тарихы бар грек-рим философиясын білдіреді. Антик сөзін латын тілінен аударғанда көне деген мағананы білдіретінін ескерсек, бұл жалпы философиялық ой дамуының бастапқы кезеңін аңғартады еді. Антик философиясы өзінің бастауын б.з.д. VII- VI ғасырдан алып, ал оның аяқталуы б.з. 529 жылын қамтиды. Дж. Реале мен Д. Антисери антик философиясы дамуының төмендегідей жетілдірген жүйесін ұсынады.

1. Б.з.д. VI- V ғасырлар аралығын қамтитын физис және космос мәселелерімен айналысқан натуралистік кезең. Оның өкілдерінің қатарына иониялықтар, пифагоршылдар, элеаттар, физик-плуралистер және физик-электиктер жатады.

2. Адам болмысының мәнін айқындаумен тұңғыш айналысқан гуманистік кезең. Бұл кезеңнің басты өкілдері-софистер және Сократ.

3. Сезімнен тыс әлемнің ашылуы және негізгі философиялық мәселелерді органикалық түрде қарастырған Платон мен Аристотельдің үлкен синтезі кезеңі.

4. А. Македонский жорықтары дәуіріндегі эллиндік мектептер мен пұтқа табынушылық заманы соңына дейінгі-кинизм, эпикуреизм, стоицизм, скептицизм бағыттары кезеңі.

5. Антиктік пұтқа табынушылық дүниетаным ойының діни дәуірі-неоплаонизм және оның модификацияларының жандану кезеңі.

6. Христиандық ойдың қалыптасуы және грек философиясының категориялары тұрғысында жаңа дін догмаларын рационалды қалыптастыру кезеңі.

Енді осылардың әрқайсысына тоқталайық:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 8 беті

Грек философиясы физис философтары немесе натурфилософтар болған милет мектебінен /Фалес, Анаксимандр, Анаксимен/, Гераклиттен және Пифагордан басталады. Олар дүниедегі барлық заттардың түпнегізін іздеумен айналысты, нәтижесінде философияның қалыптасуына әкеліп соқты. Фалес барлық нәрсенің түпнегізін су, Анаксимандр апейрон, Анаксимен ауа, Гераклит от, Пифагор сан деп білді. Осы алғашқы философтар түпнегізді әлемнен бөліп алмай, әлемнің мәні ретінде түсіндіргендіктен натуралистер деп аталады. Гилозоизм-бар тірі нәрсенің жаны болады. Философия дүниеге келісімен Ксенофан /элеаттар/ космологияны онтологияға өзгертуге ат салысты. Элеаттардың идеяларын Левкипп пен Демокрит әлемдегі барлық өзгерісті қозғалысты түсіндіретін – атом және олардың қозғалыстары деген пірмен алмастыруға тырысты.

Антик философиясы тарихындағы ерекше орынды софистер /Протагор, Горгий/ алады. Софистер рух еркіндігін жариялап, тәрбие мәселелеріне көп көңіл бөлді. Софистиканың қарастыратын басым тақырыптары этика, саясат, риторика, өнер, тіл, дін, тәрбие жалпы мәдениетке қатысты мәселелер болды. Сондықтан да софистер антик философиясындағы гуманистік кезеңнің негізін қалаушылар болып саналады. Алайда софистер адамның бұзылған дәстүрлі өмір сүру тәртібінің жаңашылдық ұсына алмады. Мұны іске асырған Сократ болды. Ол адамның мәні-ақыл-ойға негізделген белсенділік және адамгершілік бағдар ұстанған әрекет ретіндегі оның жаны деген түйінге тоқталды. Сократ бойынша таным игілікті істің, қайырымды қылықтың қажетті алғышарты, Ізгілік-бұл білім дейді. Адам өз бақытының да, бақытсыздығының да ұстасы. Сократ принциптері: «Сен алдымен өзіңді өзің танып біл», «Менің білетінім, менің өзім жайлы ешнәрсе білмейтіндігім».

Б.з.д. IV ғасыр Грекия үшін жоғары классика дәуірі. Бұл дәуірде философиялық ойдың айшықты көрнісін беретін екі философиялық жүйе-Платон және Аристотельдің философиялық жүйелері қалыптасты. Платон шығармаларында философия мифке қайта оралды. Платонның метафизикасының кең ауқымды ерекшелігі-физис философиясына бұрын-соңды сөз қозғалмаған сезімнен тыс, физикалықтан тыс кеңістіктің ашылуымен байланысты болды. Платонның дәл осы жаңалығы философия дамуындағы маңызды кезең болып саналады және батыстық даналықтың дамуындағы материалдық және материалдық емес, сезімге тән және сезімнен тыс деген айырмашылықтардың негізін қалады. Платондық Академияның ең қабілетті шәкірті Аристотельдің рухани дүниесін платонизм мен метафизикадан бас тартып, натурализм мен эмпиризмге бет бұру деп түсінуге болады. Ол философиялық білімдердің –метафизиканың, физиканың, психологияның, этиканың, саясаттың логиканың даму жолдарының негізін қалады. Ғылымдардың шыңы ретінде ең маңызды орын метафизикаға немесе «бастапқы философияға» берілді. Бұл білімге деген таза құмарлық. Оның мақсаты-болмыстың 4 себебін зерттеу. Оның ішіндегі барлық заттарды құрайтын бастапқы субстанция және материя. Келесі мәңгі қозғалмайтын Бастапқы түпнегіз. Шындығында ол негізін қалаған логикалық тұжырымдар қазіргі математикалық және символикалық логиканың даму кезеңіне дейін өмір сүрді. Аристотель де Платон сияқты өз мектебін ашты /Перипатетиктер/. Бірақ олар өз ұстаздары деңгейіне жете алмады.

Эллиндік-римдік философия 8 ғасырға жуық уақытты қамтитын антик философиясы тарихындағы ең ұзақ кезең болып табылады. Бұл кезең А. Македонскийдің жорықтарымен /б.з.д. 334-323 / басталады. «Эллинизм» термині грекше сөйлеу, грекше жасау деген ұғымды білдіреді. Жаңа мәдени орталықтар пайда болды: Пергам, Родос, Александрия. Осы қалаларда жекеленген ғылымдардың гүлденуі болды. Математика, механика, астрономия, эллиндік медицина, географияның жүйеленуі, техника, өнердің дамуы т.б. Эллинизм дәуірінде ең танымал сократтық мектептердің бірі - кинизм болды. Оның негізін қалаушы Диоген Синопский ол ешқандай өркениет пен комфортты мойындамай, өмірін бөшкеде өткізген.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 9 беті

Кинизм байлық, атақ, даңқ, билік және т.б. да бақытсыздыққа әкелетін адамға тән иллюзияларды теріске шығара отырып, халық арасында үлкен табыстарға жетті. Адам бойындағы жоғарыдағыдай құндылықтарды жоққа шығарғанымен, өздері жаңа ешнәрсе ұсына алмады. Эллиндік философияның жарқын беттерінің бірі Эпикур шығармашылығы және б.з.д. IV ғ. соңында негізі қаланған Бақ мектебі болды. Эпикур бойынша ғалам табиғатын білмей өмір мен өлім, тағдыр және т.б. адам жанында болатын қорқынышты жеңу мүмкін емес. Ал онсыз бақытқа жету мүмкін емес. Бақыт-еш нәрсемен бүркемеленбеген ләззат. Афинадағы тағы бір атақты философиялық стоиктер мектебі. Негізін салушылар: Зенон, Сенека, Марк Аврелий б.з.д. IV- III ғ. Егер Эпикур онтологияда атомизмді ұстанса, ал стоиктер гераклиттік от-логосқа сүйенді. Стоиктік адам-бұл жазмышқа да, құдайдың еркіне де бағына отырып, өз үлесін салқынқандылықпен және абыроймен көтере білетін адам. Тағы бір ағым-скептицизм. Негізін қалаушы Пиррон мен Тимон болды. Скептицизмнің идеалы-теория туралы пікірден бас тарту, практикада мүмкін болатын парасаттылыққа ғана, әдет-ғұрыпқа ғана сүйену. Эклектизм классикалық және эллиндік философияның әр түрлі жүйелерінің ең жақсысын таңдап алып, ал жалғандарын алып тастайтын философияның түрі болып табылады. Бұл II ғасырда басталғанымен, ресми түрде Филон Академияға б.з.д. 87 жылы енгізіп, оны Антиох қолдады. Эллинизм дәуіріндегі пұтқа табынушылықтаналықтың соңғы бағыттарының бірі б.з. III- IV ғасырларында дамыған неоплатонизм болды. Оның Александриялық-Римдік, Сириялық, Афиналық мектептері болды. неоплатонизм өз дәуіріне тән философиялық бағыт болғандықтан сол заманның қоғамы мен адамның әлеуметтік тәжірибесін дәл ұғынып, оны абстракциялық философиялық формулаларда шебер көрсете білді. Мифологиялық ойлауды философиялық тұрғыда жаңғыртуға әкелді.

Христиан дінінің жеңіске жетуі ертедегі гректердің ойлау тәсілін игере отырып, теріске шығару арқылы жүзеге асты. Бұл ортағасырлық өркениетте бастапқыда антиктік-христиандықты, ал кейінірек еуропалық христиандықты даярлады.

Глоссарий

Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Антика	
Субстанция	
Кинизм	
Стоиктер	
скептицизм.	

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 10 беті

5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том, Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. А. Алдабердіқызы, Ш.Ш. Әлменова, Д.М. Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017 <https://aknurpress.kz/>
2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Схоластика мен патристика кезіндегі философия?
2. Философиялық ойлаудың жаңа теоцентрлік тәсілі?
3. Ислам мәдениеті және философияның негізгі бағыттарының қалыптасуы.
4. Ислам мәдениеттегі суфизмінің орны мен ролі?

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 11 беті	

5. Ибн-Синаның медицинадағы еңбегі қандай?
6. Фалсафаның іргелі идеялары мен қағидалары.
7. Конфуций философиясының маңызы неде?
8. Көне Шығыс философиясындағы адам мәселесінің мәні неде?
9. Үндідегі ортодоксальдық және бейортодоксальдық қандай мектеп-тер бар?
10. Ежелгі Шығыс медицинасы және оның философиямен байланысы неде?
11. Антикалық философияның мағынасы және мәні неде?
12. Рим философиясының негізгі ерекшеліктері қандай?

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№3 сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қайта өркендеу дәуірі философиясы.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Қайта Өркендеу кезеңінің философиялық дүниетанымдық мәнін түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 40 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Қайта өрлеу дәуірі философиясы

Қайта өрлеу дәуірі (Ренессанс) XVI-CVII ғ.ғ. қайта өрлеу Еуропаның басқа елдеріне тарап, өркендей бастады. Әр елде өзіндік ерекшелігімен көрініс тапты. Ортағасырлық діни ұғымнан гөрі ғылыми дүниетаным басымдық танытты, Реннесанс дәуірі мәдениетіне байланысты қай елде болмасын, антикаға деген көзқарасы, дүниетанымның ерекше түрінің пайда болуы, өмір сүру жағдайының өзгеруіне байланысты өзіндік гуманизм пайда болды. Ренессанстық дәуір титанизмнің пайда болуымен ерекшеленеді. Адам жөнінде өзгеше пікірлер қалыптасты. Адам-құдайға ұқсас образда жаратылған «жаратылыс бастауы». Бар тіршілік – табиғат, адамды Құдай жаратты деген пікірді ұстанды. Адам әсемдік пен шеберлікке, махаббат пен сүйіспеншілікке толы жан иесі деген түсінік қалыптасты. Бұл дәуірде мәдениет пен философия шіркеу иелігінен босап, жаңаша өнердің дамуын бастады (бейнелеу өнері, архитектура, музыка, театр, әдебиет). Қазіргі замандық өркениеттің барлық жетістіктеріне тікелей ықпал етті. Қайта өрлеу дәуіріндегі қалыптасқан негізгі философиялық бағыттар: пантеизм, натурафилософия және гуманизм. Пантеизм (гр. рап- бәрі және tcheos -құдай) – құдай табиғаттан тыс болмайды, құдайдан тыс табиғат жоқ, құдай бәрін жаратушы бастама деп есептейтін философиялық ілім. Пантеизм құдайды табиғатпен тұтастай алып құрайды, табиғаттан тыс бастаманы теріске шығарады. Терминді Толанд енгізген (1705). Пантеизм Н. Кузанский мен Дж. Бруноның еңбектерінде көп кездеседі. Натурафилософия (табиғат туралы философия). Алғашында

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 12 беті

магиямен әуестенумен пайда болып дамыған лім. Магия мен ғылымды жаратушы күш туралы ұстаным байланыстырады. Натурфилософтар қатарына Теофраст Гогенгеим (Парацелес), Бернардино Телезио саналады. Гуманизм (лат. humanus — иманды) – адамның қадір қасиеті мен хұқын құрметтеді, оның жеке тұлға ретіндегі бағасын, адамның иелігіне, оның жан-жақты дамуына, адам үшін қолалы қоғамдық өмір жағдайын жасаған қамқорлықты білдіретін көзқарастардың жиынтығы. Қайта өрлеу дәуірінде Гуманизм тиянақты идеялық қозғалыс ретінде қалыптасты. Бұл кезеңде Гуманизм феодализмге және ортағасырлық теологиялық көзқарастарына қарсы пікірлермен тығыз байланыста болды. Гуманистер адам бостандығын жариялады, діни аскетизмге қарсы, адам ләззаты мен өз мұқтаждарын қанағаттандыру хұқы жолында күресті. Қайта өрлеу дәуірінің аса көрнекті гуманистері – Петрарка, Данте, Боккаччо, Леонардо до Винчи, Эразм Роттердамский, Ф. Рабле, Монтель, Коперник, Шекспир т.б. – зиялы дүниетанымды қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Қайта өрлеу дәуірі – философия тарихында маңызды орынға ие бола отырып, өндірістік қатынастардың, сауда-саттықтық дамуы, феодализмнің құлдырауы, қалалардың өркендеуі, шіркеу беделінің төмендеуі, білім дәрежесінің жоғарлауы, ғылыми-техникалық жаңалықтардың ашылуы сияқты өзіндік ерекшеліктерімен құнды. Қайта өрлеу дәуірі философиясының негізгі белгілері:

-антропоцентризм және гуманизм – адамның өзіндік құндылығын дәлелдеу арқылы адам мәселесін алғашқы қатарға қою;

-шіркеу идеологиясына қарсы пікірдің қалыптасуы (дінді терістеу емес, өздерін Құдаймен адамдар арасындағы байланыс ретінде санаған шіркей мәселеріне қарсы шығу).

-кез келген нәрсенің формасынан гөрі оның құрылымына баса назар аудару;

-Әлемнің шексіздігі туралы, анатомиялық жаңалықтардың ашылуымен бірге қоршаған ортаны ғылыми-материалистік тұрғыда (жердің шар тәріздес еркіндігі, оның күнді айнала қозғалатындығы жөніндегі жиналықтар) түсіну;

-тұлғаның алғашқы қатарға қойылу;

-әлеуметтік теңдік идеясының кең таралып, белең алуы.

Қайта өрлеу дәуірінде идеалистік бағытта дамыған – неоплатондық бағыт болды. Аталған бағыттың мақсаты – Платон ілімдері туралы қарама-қайшы пікірлерді жойып, бір жүйеге келтіру, әрі қарай дамыту. Неоплатоншылдар Платон идеясына сүйене келе, схоластикаға өздерінің жаңа философиялық жүйелерін қарсы қоя отырып Құдай рөлін төмендетті. Сөйтіп, әлемнің жаңа бейнесін жасауға көшті. Қайта өрлеудегі неоплатоншылдар бағытының белді өкілдері Н. Кузанский және Джованни Пико дела Мирандола. Николай Кузанский (1401-1464 ж.ж.) – схоластиканың гуманизмге өту кезеңі мен капиталистік қоғамның алғашқы сатысында қалыптаса бастаған ғылымның жаңа дәуіріндегі неміс философы, ғалым және дін қайраткері. Неоплатондық ілімнің ықпалымен бұрынғы христиандық ұғымдардан құдай туралы ілім жасапа шығарады, онда құдайдың қарама-қарсылықтан, болмыстан жоғары тұратындығы, ой-сана тек табиғат заттарын ойластырып, саралаумен ғана шектелетіндігі уағыздалды. Барлық қарама-қарсылықтар Құдайға келіп тіреледі: шектілік пен шексіздік, ергежейлімен алып, жалпы мен жалпы тағы басқада құбылыстар. Николай Кузанскийдің ілімі өзіне тән қарама-қарсылықтардың құдайға әкеп тірейтіндігі туралы мистикалық – идеялық мазмұнына қарамастан, алдыңғы қатарлы идеяларды да бойына сіңірді. Әлем – сезімтал абсолютті аяқтаушы, өзгермелі Құдай. Әлем – құдаймен аяқталады дей отырып, Н. Кузанский астрономиялық зерттеулер жүргізе келе күн – орталық (гелиоцентрлік), космостағы болып жатқан процестердің бәрі-діни ұғымнан бөлек табиғат тұрғысында ғана түсіндірілетін мәселе деп тұжырымдады. Н. Кузанский ойлауынша әлем ғаламдардан (галактикалардан) құралған, барлық аспан денелері – қозғалыс күшіне ие. Н. Кузанский бұл ойлары гелиоцентрлік жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал етті. Әлемнің гелиоцентрлік және геоцентрлік жүйесі. Әлемнің

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 13 беті	

геоцентрлік (гр. «geos»–жер) жүйесіне сәйкес жер қозғалмайды және ол әлемнің кіндігі болып табылады. Күн, ай, жұлдыздар мен планеталар жердің төңірегінде айналады деп есептелінеді. Діни көзқарастар мен Платон және Аристотель еңбектеріне негізделген бұл жүйені көне грек ғалымы Птоломей тұжырымдаған. Әлемнің гелиоцентрлік жүйесіне сәйкес өз кіндігінен айналатын жер күн төңірегіндегі планетелардың бірі. Бұл жүйеге қатысты пікірлерін Н.Кузанский және басқа да ғалымдар айтқанмен, бұл теорияның нақты негізін қалап, жан–жақты талқылығын және математикалық тұжырымдаған Коперник болды. Коперник жүйесі кеіннен нақты анықтала бастады. Бұл жүйені тиянақты дәлелдеуде Галлилей, Кеплер, Ньютон аса үлкен роль атқарды. Галилео Галлилей (1564-1642). Коперник пен Бруно идеяларын тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Телескоп ойлап тауып, аспан денелірінің траектория бойнаша ғана емес, өз осі бойынша қозғалатынын дәлелдейді. Күн бетіндегі дақтарды тауып, басқа планетелардың серіктерін зерттейді. Негізгі еңбегі – «Әлемнің негізгі екі жүйесі – Птоломейлік және Коперниктік диалог» (1632). Оның тұжырымы бойынша, әлем – шексіз, материя – мәңгі, табиғат – бірегей. Табиғат бастамасы ретінде механикалық заңдылықтаға тәуелді, атомдар өзгермейді. Табиғатты танудың көзі – бақылау мен тәжірибеде. Алайда ол да діни көзқарастардан алшақ кете алмады, тәңірдің алғашқы себеп екендігін мойындайды. XVI ғ. утопиялық ілімі ағылшын гуманисті Т.Мордың шығармаларымен байланысты. Т.Мор (1478-1535). Утопиялық социализмнің негізін салушылардың бірі. Қайта өрлеу дәуірінің гуманист–рационалисті. Басты шығармасы – «Золотая книга, столь же полезная, как забавная, о наилучшем устройстве государства и о новом острове Утопии» (1516). Ол тұңғыш рет өндірісті қоғамдастыру идеясын дәйекті түрде дәлелдеп, оның еңбекті ұйымдастырудың коммунистік идеялармен байланыстырды. Бостандыққа негізделген қиядағы Утопия мемлекетінің шаруашылық ұясы – отбасы, қолөнер өндірісіне негізделген. Утопиялықтар демократиялық басқару, еңбек теңдігі жағдайында өмір сүреді. Адамдар күніне алты сағат жұмыс істеп, қалған уақытында ғылыммен, өнермен шұғылданады. Адамның жан–жақты дамуына, теориялық оқуды еңбекпен ұштастыруына үлкен мән беріледі. Мор жаңа қоғамға өтуді бейбіт жолмен іске асыруды армандады.

Идеалды қоғам туралы жоба жасаған басқа да ойшылдар болды. Т. Кампанелла (1568-1639). Утопиялық қоғам авторы. Негізгі шығармасы – «Күн қаласы». Барлық оқиғалар фантастикалық Күн қаласында болмақ, қала тұрғындары идеалды қоғам орнатады және олар әлеуметтік әділеттілікті негізге ала отырып, өз өмірлерімен және еңбектерімен рахаттанбақ. Әлеуметтік утопистер сол дәуірдің әлеуметтік қатынастарына және кейінгі заман философиясына айтарлықтай әсер етті.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы. **ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:** өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 14 беті

4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том, Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. А. Алдабердіқызы, Ш.Ш. Әлменова, Д.М. Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ф. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ф. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.7. Бақылау сұрақтары:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 15 беті

1. Н. Кузанский диалектикасының мәні.
 2. Н. Макиавеллидің саяси философиясы.
 3. М. Лютердің философиясы.
 4. Эмпиризмнің және рационализмнің философиядағы орны мен маңызы.
 5. Неміс классикалық философиясының негізгі ерекшеліктері.
1. Жаңа материал бойынша негізгі түсініктерге тоқталу.
 2. Негізгі терминдер мен тезистерді жұмыс дәптерлеріне жаздыру.

Үйге тапсырма беру. 5 мин

№4 сабақ

5.1. Тақырыбы: Жаңа дәуір философиясы. XVIII ғасырдағы Еуропаның Ағартушылық философиясы. Классикалық неміс философиясы.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Жаңа дәуір және XVIII ғасырдағы еуропалық Ағартушылық философиясының негізгі ерекшеліктерін түсіндіру.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

15-18 ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде феодалдық өндіріс әдісі төңірегінде жаңа капиталистік өндіріс әдісі қалыптаса бастады. Осыдан бастап, тап ретінде буржуазия дүниеге келді. Ол феодалдық құрылысты құлатып, жаңа өндірістік қатынастарды орнатуды мақсат етті. Айталық, 15 ғасырда Нидерланды, 17 ғасырда Англия, 18 ғасырда Франция революциялары бірінің бастамасын бірі жалғастырды. Бұл жаңа тап материализмге сүйенді. Бірақ ол метафизикалық материализм болатын-ды. Ал метафизикалық материализмге үш күрделі кемшілік тән болады: 1) ол механика ілімдеріне негізделді. Дүниедегі барлық өзгерістерді механика заңдарымен дәлелдеді; 2) дүниені қатып қалған, қозғалмайтын, өзгермейтін құбылыс деп қарады. Оның ұдайы дамудағы процесс екенін мойындамады; 3) қоғам өмірін ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмады, сондықтан ол идеалистік тұрғыда қала берді. Материализм философиясының өкілдерінің бірі Фрэнсис Бэкон (1561-1626) болды. Ол лордтың баласы ретінде 12 жасында Кембридж университетіне оқуға түсіп, оны бітірген соң үш жылдай Парижде ағылшын елшілігінде тұрады. Қайтып келген соң, біршама уақыт құқылық практикамен айналысып, кейін корольдің үлкен мөріні сақтаушы болып қызмет атқарады. Кейін Англия мемлекетінің канцлері болып, елде корольден кейінгі екінші тұлға дәрежесінде көтеріліп, барон Верулам деген құрметті атаққа ие болады. Өмірінің қалған уақытын бүтіндей ғылымға жұмсайды. Әлемде қамтитын 6 кітаптан тұратын еңбек жазуды жоспарлайды. Бірақ оның тек екеуін ғана жазып үлгереді. Бірі-«Ғылымдардың байсалдылығы мен дамуы», екіншісі-«Жаңа Органон» деп аталады. Ф. Бэкон- материалист, сондай-ақ, ол-эксперименттік

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 16 беті

ғылымдардың негізін салушы. Оның қолданған әдістері: индукция, талдау, салыстыру, бақылау, эксперимент жасау. Оның философиясы жаратылыстану ғылымдарына сүйенді, схоластикаға, діни, идеалистік көзқарастарға қарсы болды. «Білім-күш», «Күш-білімде» деген қағидаларды насихаттады. Ол: «Материя қозғалыспен ажырамас бірлікте болады-деді-Энергия материяның өзіне байланысты оның ішкі қасиеті», деді. Оның пікірінше дүниені дұрыс танып, жалған пікірлерден азат болу үшін төрт түрлі елестерден құтылу қажет. Олар: 1) адам табиғатына тән елес; 2) әркімнің жеке басына тән елес; 3) нарық (базар) елесі; 4) театр елесі. Олардың құтылудың басты жолы- тәжірибе жасау, нақты зерттеу, қалыптасқан ұғымдарды сол күйінде алмай, тексере білу.

Неміс классикалық философиясының негізін қалаушы – **Иммануил Кант (1724-1804)** болды. Қолөнершінің семьясында, Кенигсберг қаласында туылған. Оның өмірлік ұраны: «Шыдамдылық және өзіңді ұстай білу». Канта философиясы **трансцендентальды идеализм** деген атау алды. Философиялық шығармашылығы екі кезеңнен тұрды:

1. «Сыни кезеңге дейінгі кезең» (1746-1770). Қарастырған мәселесі болмыс, табиғи, жаратылыстану мәселелері болды. Ол даму проблемасында табиғаттың дамуына көңіл бөлген алғашқы философ болды. Бұл кезеңдегі шығармасы «Жалпы тарих және аспан теориясы», кант онда өзінің космологиялық теориясын түсіндірді. Күн жүйесінің пайда болуы туралы болжам жасады (әлемнің пайда болуының аналогиясын қарастырды) бұл теория кейін Кант-Лаплас теориясы деп аталды.

2. «Сыни кезең» (1770-1797)(агностицизм и априоризм). Осы кезде өзінің негізгі еңбектерін жазды, олар «Таза ақылға сын» (таным теориясының сұрақтары), «Практикалық ақылға сын» (этикалық мәселелер), «Пайым мүмкіндіктеріне сын» (эстетика және табиғатағы мақсаттылық байланыстар туралы ілімі жүйеленді).

«Таза ақылға сын» еңбегінде таным теориясы қарастырылып жаң замандағы эмпиризм мен рационализмнің тар өрісін өзара біріктіруге тырысты. Ол танымды үшке бөлді: сезімдік, пайым, зерде (рационалистік). Таным теориясында – агностик болды, танымның қоршаған шынайылықты толығымен тану мүмкіндігін жоққа шығарды. Оның болжамында танымның тұйыққа тірелуінде себеп, қоршаған шынайылық – объекті емес, таным әрекетіндегі – адам, оның ақылы, оның танымдық мүмкіндіктері шектеулі.

Шынайы әлемдегі ақыл мен сезімнің қабылдайтын бейнелері «біз үшін зат», ал ақылмен абсалютті түрде танылмайтын нәрселер «өзіндік зат» деп аталды. «Өзіндік зат» - трансцендентальды яғни басқа дүниелік уақыт пен кеңістіктен тыс өмір сүреді. Кант таным теориясында барлық білімдер 2-ге бөлінеді: 1) тәжірбиелік білімдер апосторий; 2) тәжірбиеге дейінгі білім – априорий. Адам ақылы өзінің таным құралдарымен өз мүмкіндіктерінен шығуға тырысқанда, ол шешілмейтін қайшылықтарға тап болады, ол антиномиялар – ақылдағы пайымның бір-бірін өзара терістеуі. Ақыл көмегімен логикалық дәлелдеуге болады, бір мезгілде екі қарама-қайшы логикалық дәлел болуы мүмкін, сөйтіп антиномиялық жағдай туындайды. Антиномияға Кант төрт мысал (құдайдың бар немесе жоқ екендігі, дүниенің шекті немесе шексіз екендігі,) келтірді, оның әрқайсысында тезис және антитезис бар. кант бойынша, антиномиялардың болуы – ақылдың таным мүмкіндіктерінің шектеулі екендігін дәлелдейді. И.Кант «Практикалық ақылға сын» еңбегінде мен не істеуім керек деген сұраққа жауап іздеп, этикалық мәселелерін қарастырады. Яғни, адамгершілік, мораль, парасат мәселелерін қарастырды. Кант теоретикалық ақылдан, оның шешілмейтін шым-шытырық қайшылықтарынан практикалық ақылға өтті. Практикалық ақыл деп аталуының себебі, оның функциясы – адамның өзін-өзі алып жүруін басшылыққа алды, яғни адамгершілік әрекеттерінің принциптерін жасады. Мораль, адамның мінез-құлқы, іс-әрекеті ешбір сыртқы жағдайға тәуелді болмауы керек, адам адамгершілік, парасатты жан, сондықтан ол адамгершілік заңдарына

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 17 беті

сүйенуі керек. Бұл заңда Кант адамгершілік категорияларының императиві деп атады және ол былай анықталды: адамның өзіндік еркі мен мінез-құлқы, іс-әрекеті, әрқашан жалпы заңдардың принципне бағынып, соның негізінде жасалуы қажет.

Кант әруақытта «Аспандағы жұлдыздар мен бздегі адамгершілік заңдарынан керемет ешнәрсе жоқ» дегенді қайталап отырды.

Иоганн Готлиб Фихте (1762-1814) философияны геометрияға ұқсас ретінде, әлдебір ғылымибілім деп қарастырды. Ғылымибілімнің негізгі мәселесі-сана немесе Мен. Мен мәні жағынан қарапайым адам санасы. Ал барлық сыртқы әлем-Мен-нен туындаған Мен-емес. Мен әрекетшіл, белсенді. Мен өзінің қарсыласы ретінде Мен-еместі тудырып өз белсенділігін қолдануға ұмтылады. Осы екі қарама-қарсылықтардан адамның өзіндік санасы дамиды. Фихтенің философиядағы маңызды жетістіктерінің бірі-ойлаудың диалектикалық әдісін өңдеу. Ол барлық тіршіліктің қайшылығы, қайшылықтардың бірлігі туралы жазып қайшылықты дамудың қайнар көзі деп қарастырады. Фихте үшін категориялар парасаттың априорлы түрінің жиынтығы емес, керісінше білімді таңдаған ұғымдардың жүйесі. Фихте таным процесіндегі субъект пен объектінің нақты өзара әсерін түсінуге ұмтылды.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4.Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.ә)

көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 18 беті

- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

- 1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.
Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
- 2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Эмпиризм және рационализм философиясындағы негізгі ерекшеліктер қандай?
2. Ағартушылық философиясында адам мәселесінің көрінісі?
3. Спинозаның этикасы: еркіндік дегеніміз танылған қажеттілік.
4. Жаңа дәуір философиясы мен медицинаның байланысы қандай?
5. Ағартушылықтың мәні мен маңызы?

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№5 сабақ.

5.1.Тақырыбы: Қазақ философиясы

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты:Қазақ халқының алғы философиясының қалыптасуына әсер еткен факторлар Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.


5.3Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру.25 мин

а) Барлық оқушылырадың үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушылылардың білімдерін бағалау;

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 19 беті

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.4. Дәрістің тезісі:

Шоқан Уәлиханов - XIX ғасырдағы қазақ философиясының көрнекті өкілі. Тарихшы, саяхатшы, аз болса да өте мәнді өмір сүріп, қазақ халқының тарихында ерекше із қалдырды. Оның негізгі еңбектерінің ішінде «Бақсылық туралы», «Сот реформасы туралы», «Даладағы мұсылмандық туралы» деген дүниетанымдық, қоғамдық мәселелерді зерттейтін еңбектері бар. Уәлиханов саяси және құқықтық теорияларды жақсы білді. Оның пікірінше, саясат – бұл билік және оны орнату тәсілдері. Билік мемлекеттің негізгі функциясы, оның құрылымы және іс - әрекетінің мағынасы үстемдік ететін күштерге байланысты.

2. Абай Құнанбаевтың философиялық ойлары терең және жан-жақты.

Оның шығармашылығындағы дүниетанымдық сұрақтар құдай мен табиғаттың, құдай мен адамның, жан мен тәннің, өлім мен өмірдің арасындағы қатынастар мәселесі болып табылады. Абайдың пікірінше, құдай - әлемнің алғашқы себебі немесе түпнегізі. Құдай әлемді жаратты, сонан соң ол оның дамуына араласпайды, яғни әлем өзіндік заңдарына сүйеніп дамиды.

Құдай адамды да жаратты. Бірақ ол күнделікті ісіне араласпайды. Адамның белсенділігін көрсете отырып, Абай құдай адамды ақылды немесе ақымақ, мейірімді немесе қатал, бай немесе кедей еткен жоқ. Бәрі адамның өзіне, оның ақылына және қоршаған ортасына байланысты.

5.5. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.6. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А.

Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с

2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г

3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. :

ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с

5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.

6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда :

ТОО "Medet Group", 2014. - 25

8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.

9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.

10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408

11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. :

ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.

12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.

13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 20 беті	

2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

- 1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.
Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
- 2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

Сабақты қорытындылау. 5 мин

5.7. Бақылау сұрақтары:

К №1

1. Қазақ мәдениетін дамытудың негізгі кезеңдері қандай?
2. «Номады» деген кім? Мәдениетінің ерекшеліктері.

К №2

1. Қазақтардың дінисенімі қалай дамыды?
2. Қазақ көшпенділерінің негізгі идеологиялық қағидаларын анықтаңыз.

К №3

1. «Символ» дегеніміз не? Қазақтардың өмірі мен дүниетанымындағы символизм.
2. Абайдың «Қара сөздері», өз халқыңызды әлемнің басқа халықтарының арасында гүлденуді қалайтыны.

К №4

1. Ағартушылар қазақтарының қандай кемшіліктерді туралы айтқан? Олар осы кемшіліктерінің себебін неден көрді?
2. Шоқан Уәлихановтың шығармашылыққа баға беріңіз.

К №5

1. Ыбырай Алтынсариннің жетістіктері неде?
2. Қазақ мәдениетіндегі символизмнің философиялық мазмұны.

К №6

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 21 беті

1. Абай Құнанбаевтың шығармашылығына мінездеме беріңіз.
2. Қазақ ағартушыларының демократиялық қоғам мен қазақ мәдениетін дамытудағы еңбегі.
К №7
1. Ш. Құдайбердиевтің философиялық идеялары және дүниеге көзқарастары.
2. Қазақ ағартушыларын атаңыз? Кімді ағартушылар деп айтуға болады?
Үйге тапсырма беру: 5 мин

№6 сабақ.

5.1. Тақырыбы: Болмыс, материя, сана ұғымдары. Танымның мүмкіндіктері мен шекаралары. Ғылыми таным ерекшеліктері. №1 Аралық бақылау

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Онтологияның принциптері мен негізгі түсініктеріне тән сипатын айқындау;

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Болмыс – заттар мен құбылыстар арасындағы байланыстардың тұтастығы мен бірлігін талдап құрастыруға мүмкіндік береді.

Болмыстың түрлері

Философияның негізгі мәселесін – ақыл-ойдың болмысқа қатынасы туралы мәселені түбегейлі шешу үшін болмыстың негізгі түрлерін саралап білу керек.

1. Табиғат болмысы немесе заттар (денелер) және процестер болмысы, өз кезегінде: а/ табиғат заттары мен процестері

б/ адамдар жасаған заттар процестері.

2. Адам болмысы, ол заттар дүниесіндегі

а/ адам болмысына және

б/ адамның өзіндік болмысына жіктеледі.

3. Рухани (идеалдық) болмыс, ол

а/ дербестенген руханилыққа

б/ объективтендірілген руханилыққа

4. Әлеуметтік болмыс бұл қоғамдағы және тарихи процестегі

а/ жекелеген адам және

б/ қоғам болмысына бөлінеді.

Енді осы болмыс түрлеріне түсінік берейік. Табиғат объективті шындық, ол алғашқы, онсыз адамзаттың өмірі мен қызметі мүмкін емес. Табиғатсыз адам жасап шығарған заттар мен процестер, яғни «екінші табиғат» пайда бола алмайды. «Екінші табиғат» қатаң түрде біріншісіне төл табиғатқа тәуелді және оның туындысы. Бірінші табиғат пен екінші табиғаттың ортақ заңдылығын, біртұтастығын, бірегей болмысына қатысты олардың өзара байланысын

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 22 беті

сақтап, реттеп отыру да заманымыздың көкейкесті жалпы азаматтық мәселесі болып табылады. Енді жекелеген адам және адамзат болмысының елеулі принципті өзгешелігі, өзіндік сапалық мәні неде? Адам болмысының алғы шарттары – оның денесінің табиғат бөлшегі ретінде, организм ретінде өмір сүруі. Адамның басты ерекшелігі – ақыл-ой иесі, санасы бар. Адам табиғаттың бөлшегі, төл баласы, өрені, сонымен бірге ол әрі тарихты, әлеуметтік өмірді жасушы, әрі тарихи қоғамдық дамудың туындысы. Әрбір адамның адамзат тағдыры үшін, табиғатты, тұтас жер планетасын қорғау үшін жауапкершілігі туындайды. Енді рухани болмысқа тоқталайық. Руханилық – өзінің өмір сүруі мен көрінісінің нақты түрлері жөнінен сан алуан болып келетін сана мен санасыздықтың процестерін қамтитын көп түрліліктің біртұтастығы. Оның құрамына табиғи тіл мен таңбалық (символдық) жүйелер түрінде іс жүзіне асырылған, материалдандырылған білім кіреді. Сондай-ақ адамдар арасындағы қатынастардың, ізгіліктің шығармашылық пен құқылық өлшемдері мен процестері де рухани өнімдер мен процестерінің қатарына жатады. Рухани болмысты шартты түрде үлкен топқа – жеке адамдардың тіршілігінен ажыратып қарауға болмайтын дербестенген руханилыққа және дара адамнан тысқары өмір сүре алатын объективтендірілген руханилыққа бөлуге болады. Біріншісі – дараланған адамның санасы. Адамның ойлау қызметі барлық жылдамдықтардан жүйрік. Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе? деген халық мәтелі осыны жақсы білдіретін тәрізді. Дербес рухани болмыс – сана мен санасыздықтың қайшылықты ажырамас тұтастығы. Объективтендірілген рухани болмыс-кітаптар, сызбалар мен формулалар, жобалар, суреттер, ескерткіштер, музыкалық шығармалардың ноталары. Мәселе, ТІЛ – дербес және объективтендірілген рухани болмыстардың бірлігі болып табылады. Тіл мен сананың, тіл мен ойдың байланысы өте тығыз. Тіл арқылы сана қызметінің сыртқы, объективтендірілген нәтижелері көрініс табады. Сөйтіп объективтендірілген рухани құбылыстың басты ерекшеліктері – олар әлеуметтік кеңістікте және тарихи уақыт шеңберінде сақталады, жетілдіріледі және емін-еркін қозғалыста болады.

Ең бастысы, дүние болмысы тұтас, тұрақты, үйлесімді, сөйте тұра үнемі қозғалыста, өзгермелі, құбылмалы. Оның ашылмаған құпиясы, ақтарылмаған сыры әлі де көп. Адам оны игеру жолында, игілікке пайдалану ниетінде іздене бермек. Материя ұғымы дүниені адамның санасынан тыс, әрі тәуелсіз объективті шындық деп қарайтын материалистік дүниетанымның түп қазығы, мән-мағынасы болып табылатын негізгі ұғым. Бұл ұғым материалистік ағыммен бірге пайда болып, бірге жасып тарихи түрде қабылдасқан. Адамдар ерте заманда-ақ, шетсіз де шексіз көп заттар мен құбылыстардың бәріне тән, бәріне ортақ негіз болып табылатын нәрсе бар ма? деген сұрақ қойған. Ежелгі грек ойшылдары табиғат құбылыстарының құпияларын ұғынуға талпына отырып, дүниенің бір негізгі, түп қазығы, ортақ бір бастамасы бар деген тұжырымға келді.

Олар оны – Субстанция (түп негізі) деп атады. Осылайша әр дәуірде материяға анықтама берілді. Материя ұғымының мәнін түсінуге біршама жақындап келген француз материалистері болды. «Материя деген – біздің сезімімізге әсер ете алатынның бәрі», - деп жазды Г. Гольбах. Сөйтіп, ХІХ ғ аяғына дейінгі материалистік дүниетанымда материяны түсінуде метафизикалық, механикалық көзқарас үстем болды. Олар материя мен нақты материалдық объектілердің арасындағы айырмашылықты біле алмады, материя ұғымын өздерінің материалдық дүниенің құрылымы туралы түсініктермен теңгерді, материяны санамен емес, түп қасиет, қозғалыс ұғымдарымен салыстыра қарастырады.

XX ғ жаратылыстану ғылымдарының дамуына байланысты, дүниеге диалектикалық материализм тұрғысынан қарайтын дүниетанымның қалыптасуы материя туралы механикалық, метафизикалық және идеалистік көзқарастардың дәйексіздігін ашып көрсетуге мүмкіндік туғызады. Мысалы: физика саласында, ең кішкене бөлшек әлемді ұстап тұрған кірпіш деп

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 23 беті

келген. Әлемнің күрделі құрамы бар болып шықты. Оның өзі де әлдеқайда ұсақ бөлшектерге ыдырайды екен. Осы уақытқа дейін дүниенің материалдығын атомның бөлінбеуімен байланыстырып келген дүниетаным осы арада тұйыққа тірелді. Сөйтіп, материя: 1. Санаға дейін өмір сүреді.

2. Тысқары өмір сүреді.

3. Бейнесі жасалатын құбылыс есебінде санадан тәуелсіз өмір сүреді.

4. Құрал есебінде санада өмір сүреді.

Материяның бұл түсінігі адамзат ақыл-ойының, ғылымның бүгінге дейінгі танып білген объектілерін ғана емес, сондай-ақ болашақта ашылатын, танып-білетін объектілерді де қамтиды. Оның методологиялық мәні міне, осында. Құрылымсыз субстанция есебінде «таза» өмір сүретін материя жоқ. Ол әрқашан да белгілі ұйымдасқан материалдық жүйе.

Материя түсінігі дүниенің біртұтастығы туралы принципті де толық қуаттайды.

Материя (лат. *materia* — зат) — әлемдегі алуан түрлі нысандар мен олардың жүйелерін, дүниедегі сан алуан құбылыстар мен оқиғалардың, қандай да болсын қатынастар мен байланыстардың, қасиеттер мен формалардың негізін, ішкі мәнін, себебін білдіретін философиялық ұғым. Айналадағы бүкіл дүние — мәңгі қозғалыстағы материяның алуан түрге түсіп, құбылып өзгеруінің, шексіз байланыстары мен қатынастарының көрінісі. Ежелгі қытай, үнді, грек философиясында Материя дүниедегі барлық заттардың негізі, дүниенің алғашқы тегі деп түсіндірілді. Антик философтары материяны жеке заттарға: **Фалес** — суға, **Анаксимен** — ауаға балады. **Гераклит** дүниенің алғашқы тегі және оны үздіксіз өзгеріске түсіріп, ұдайы жаңартып тұратын күш лаулаған от, алғашқы **зат** пен **қозғаушы күштің** тегі бір деп, диалект. натурфилософияның негізін қалады.

Материя мен қозғалыстың бірлігі жөніндегі мәселені **Демокрит** өзінің атомистік жүйесі арқылы шешеді. Ол біртекті элементтер атомдарының әр түрлі қосылысынан дүниедегі алуан түрлі заттар пайда болады деп түсіндіреді. **Аристотель** материяны алуан түрлі заттық дүниенің болу мүмкіндігі ғана деп қарайды. Аристотельдің материяны бастапқы ырықсыз зат, ал рухты белсенді жасампаз құдіретті күш деп дуалистік тұрғыда анықтауы кейінгі философия тарихында маңызды орын алды. Жаңа заман философтарынан **Декарт субстанция жөніндегі теориясында** Материяны оның көлемімен барабар деп қарады. **Дидро** мен **Гольбах** “материя — табиғат”, “материя қасиеттердің жиынтығы” деген тұжырымдамаларды ұштастыруға тырысты және материя ұғымының сыңаржақтылығын аңғарып, *Материя дегеніміз — біздің түйсіктерімізде бейнеленетін және осы түйсіктерді тудырушы себеп деп, оған танымдық тұрғыдан анықтама берді.* Материя анықтамасын оған қарама-қарсы тұрған материалды дүниемен емес, идеалды дүниемен қатысы арқылы да ашуға болады. Материядан өзге мұндай бейматериалдылыққа тек сана ғана жатады. Сана – адам миының функциясы. Дүниеде ең ғажап, керемет құбылыс – адамның рухани дүниесі, сана, ақыл, ой. Адамзат іліміндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер санасының құдіреті. Сана дегеніміз не? Ол іштен туған қасиет емес, ол атадан балаға көшетін қабілет те емес. Сана адам миына байланысты пайда болады, ал ми – оның мекені. Сана – адам миы қызметінің жемісі, нәтижесі. Бірақ ми түрлі жануарларда да бар. Ал сана тек адам миының ғана жемісі. Дін иелері сананы материалдан тыс, дербес және мәңгі өмір сүретін, ешқашан өлмейтін құбылыс деп қарастырады. Ертеде сананы жанға, ал жаңды ұшып жүретін шыбынға балаған. Халқымыздың “шыбын – жан” деген сөзі осындай ұғымнан туындаған. Идеалистік философияның қайсысы болсын сана, идея, рух материядан тыс, дербес өмір сүріп қана қоймайтынын, қайта сол материяны билейтін, оның қозғалысын, дамуын қарастыратын күш деп түсінеді. Бірақ сананың пайда болуын материалистік тұрғыдан түсіну де оңайға түскен жоқ. Кейбір материалистер сана барлық материяда бар деп түсінген. Мәселен, орта ғасырда өмір сүрген. Д. Скоттың түсінігінше, тіпті

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 24 беті	

тас та ойлай алады-мыс. Мұндай бүкіл табиғатты жанды деп қараған ұғымды философияда *гилозоизм* деп атайды. Сол органикалық және органикалық емес дүние арасындағы дәнекер – нуклеин қышқылдары бір жағынан органикалық емес, екінші жағынан органикалық дүниеге жатады. Олай болса, тіршілік қайдан пайда болды деген сұрзу өзінен-өзі шешіледі. Енді сол клетканың пайда болуымен жоғары дамыған организм – адам, оның санасы аралығында табиғатта жүз миллиондаған, бәлкім миллиардтаған жылдар жатқан болар. Ендігі мәселе – сана деген не, ол қалай пайда болды, мәні неде деген сияқты сұраулар. Идеалистік философияның қайсысы болсын сана, идея, рух материядан тыс дербес өмір сүріп қана қоймайтынын, қайта сол материяны билейтін, оның қозғалысын, дамуын қарастыратын күш ретінде сананы жанға, жанды ұшып жүретін шыбынға балаған. Тіршілік қайдан шықты деген сұрау адам баласын ұдайы ойландыра бермек. Ол дәнекер, нуклеин қышқылы (ядро – қабыршық). Бар тіршілік негізі – клетка-ДНК, РНК. Ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, ғалымдар сана барлық материяның жемісі емес, тек ерекше ұйымдасқан материя – адам миының функциясы екенін дәлелдеді. Ол 14-15 миллиардтай нейрондардан тұрады. Адам миы ешқашан тоқырауға ұшырамайды. Мысалы, Қытайда, Жапонияда алфавит жоқ, тек иероглифтер арқылы жазады. Олардың саны Қытайда 7000-дай. Сана-түйсік мүшелері арқылы объективті ақиқатты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады, ал ол үшін көп нәрседен хабарлау болу қажет.

«Көп жасағаннан сұрама, көпті көргеннен сұра» деп халық бекер айтпаған. Сана сыртқы дүниенің бейнелеу нәтижесі. Сананың негізінде – білім, білу жатыр. Білім практикалық қызмет үшін қажет. Ол адам өмірінің негізгі десек, онда сананың шығуы, қалыптасуы мен дамуының түпкі негізі практикалық іс-әрекет, еңбек, қызме болмақ. Сана – объективті дүниенің бейнесі. Сана – мисыз өмір сүре алмайды, біздің түйсіктерімізге әсер ететін сыртқы дүние. Сананың мәнінде білім жатыр. Ал оны туғызатын танымдық ізденіс. Әр нәрсені білуге, ұғынуға талпыныс, ізденіс сананы қарастырады. Одан соң сана, бір жағынан, жинақталған білім, ал екінші жағынан таным процесі. Сана өмірден туындайды. Бірақ сана объективті өмірдің жұпыны бейнесі емес. Сана арқылы адам дүниені бейнелеп қана қоймайды. Ол оған әсер етеді, ойдан құрады, оны өзгертеді. Бір нәрсені көріп тұрып, адам толып жатқан ойға шолады, ойын сан-саққа жүгіртеді. Сөйтіп, объективті дүние санаға түрткі болады. Таным процесінде эмоцияның орны ерекше. Онсыз өнерде, ғылымда жаңалықтар болмайды. Түс – саналы құбылыс емес, психикалық процесс. Оны сана билей алмайды. Адамның миының құрылымы да аса күрделі. Кейбір анализ, синтез, сондай-ақ, сыртқы тіршіліктердің әсерлеріне байланысты түрлі іс-қимылдар жұлын, сопақша, орта және аралық ми арқылы жасалады. Ал күрделі ойлау тәсілдері бас миының үлкен жарты шары арқылы іске асады. Мидың қабыршағы астындағы аппарат шартсыз (инстинкті) қимылдарды басқарады. Жануарларда инстинкті қимылдар әрдайым ешбір шартты байланыссыз, бағынышсыз, емін-еркін сияқты көрінетін болса, адамдарда ол әрекеттер қашанда санаға тікелей бағынышты, оны сана билейді. Сонымен қатар сана мисыз өмір сүре алмайды, ал біздің түйсіктерімізге әсер ететін – сыртқы дүние. Сол әсерлер орталық жүйке жүйелері арқылы адам миына жетеді. Ми оларды қорытады, шешім жасайды. Әрине адам ми арқылы ойлайды, бірақ оның мәні сыртқы дүниеде, соны бейнелеуінде. Ми – ең алдымен объективті ақиқатты дәл, былайша айтқанда, сыртқы дүниені дұрыс бейнелейтін орган. Бірақ сана мен объективті ақиқат ешқашан да мейлінше дәлме-дәл болмайды. Сана – оның идеалдық бейнесі. Мұны Гегель де мойындаған. Бұл – дәлдік пен айырмашылық диалектикасы. Сананың мәнінде білім жатыр. Ал оны туғызатын танымдық ізденіс. Әр нәрсені білуге, ұғынуға талпыныс, ізденіс сайып келгенде сананы құрастырады. Сана – материядан мүлде өзгеше. Бейнелеу – жалпы материяның қасиеті. Бейнелеудің негізінде бір құбылыстың екінші құбылысқа, бір дененің екінші бір денеге жасайтын ықпалы жатыр. Мәселен, жүріп бара жатқан адамнан із қалады, із бейнелеуге жатады. Күннен, желден, ыстық

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 25 беті

пен суықтан, жаңбыр мен қардан жартас бұзылып, үгетіліп қиыршық құмға айналады. Теңіз жағасындығы тастар қашанда жылтыр, теп-тегіс болып келеді. Оны ысып, жылтырататын су толқыны. Сана да – дәл осындай әсердің нәтижесі. Дүние танымда адамдардың іздерісүмкіндіктерінорасан зор дамытқанғылымкиберннетика. Ол күрделі информацияны қабылдап, оны сұрыптап, талдап белгілі жүйеге түсірпі, нақтылы шешімге келтіретін және ол процестерді баққаратын ғылым. Әрбір адамның пихикасында санасыздық (иррационализм), ақылсыздық (нерационалдык) әрекеттер бар. Оның ауқымы кең. Көп нәрсені адам дағдылы әдіспен ойламай-ақ, дәлме-дәл жүзеге асырады. Ақылсыздық дегеніміз санамен басқарылмайтын, бірақ түптен келгенде, адам миының онша алыс кетпейтін, әсіресе, мидың естелік қабілетімен бақыланатын психикалық процесс. Мысалы, Менделеев химиялық элементтердің жүйесін жасарда алдымен түс көрген. Нағыз санасыздық жануарларда байқалады. Адам ақылсыздық жағдайындада онша құлдырап төмендемейді, өйткені ол санамен басқарылып отыр. З.Фрейд санасыз, ойсыз инстинкт адамда басым, оның ойынша әдептілік-жасанды, ал адам өзімен-өзі жеке қалғанда нағыз ұятсыздық халге түседі. Адамды жанурмен теңейді. Адамда «Ол» - аморальдық және « Мен» тәртіптілік деген 2 түрлі құбылыс болады. З.Фрейд – ол аморальдық құбылысты қолдайды, «мен» - тәртіпке адам өзін қыспақта ұстайдыдейді. Сонымен сана дегеніміз – объективті дүниенің адам миында пайда болатын субъективті бейнесі, сәулесі. Бірақ ол жай бейне емес, шығармашылық бейне.

№1 аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Философия пәні, оның қалыптасу және даму тарихы
2. Философияның қоғамдағы рөлі.
3. Дүниетанымның тарихи түрлері-миф, дін, философия.
4. Материализм және идеализм-философияның негізгі бағыттары.
5. Ежелгі Шығыс философиясы.
6. Ежелгі Қытай философиясы (Конфуций ілімі-гуманизм, Дао ілімі-даосизм).
7. Қытай философиясының негіздері.
8. Ежелгі Үндістандағы касталық жүйе. Буддизм және Джайнизм. Ведалар кітабы.
9. Антик философиясы.
10. Антик философия-Фалес, Анаксимандр, Анаксимен, Гереклит, Парменид, Зенон, Сократ,
11. Демокрит, Платон, Аристотель, Эпикур. Рим тарихнамасының қалыптасуы.
12. Грек, Рим философиясының сабақтастығы.
13. Ежелгі Грек мәдениетіндегі мүсіндеу мен сәулет өнері, ғылымның дамуы.
14. Орта ғасырлық философия.
15. Араб-парсы философиясы.
16. Патристика, схоластика-ортағасырлық философияның негізгі ағымдары.
17. Ислам діні.
18. Ф. Аквинский, Р Бекон, У. Оккам, О. Хайям, әл-Фараби, ибн-Сина, әл-Бируни ілімдері.
19. Қайта өрлеу дәуірінің философиясы.
20. Геоцентризм (Н. Каперник, Г. Галилей, Д. Бруно).
21. Жаңа заман философия-таным әдісі.
22. Ресей философияның дамуы. Ресейдегі позивитизм.
23. Қазақ философиясының қалыптасуы мен ерекшеліктері.
24. Қазақ халқының дүниетанымы.
25. Мұсылмандық ренессанс (Қорқыт Ата, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қожа Ахмет Иассауи, Асан Қайғы, Мұхаммед Хайдар Дулати т.б).

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 26 беті

26. XIX ғасырдағы қазақ ағартушыларының дүниетанымдық көзқарастары (Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Бұқар Жырау, Ақтамберді жырау). Антропоцентризм және гуманизм (Ш. Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А. Құнанбаев).

27. Қазақ философиясындағы дәстүр мен жаңашылдық.

28. XX ғасыр басындағы қазақ ағартушыларының қоғамдық саяси ой-пікірі (Ш. Құдайбердиев, С. Торайғыров, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, Ә. Бөкейханов, М. Шоқай, Х. Досмұхамедов, Ж. Досмұхамедов, М. Дулатов т.б.)

29. Болмыс. Материя, Сана ұғымдары.

30. Болмыс Категориясы және негізі формалары.

31. Субстанция мәселесі.

32. Материя ұғымының философиялық мәні.

33. Адам санасы рухани әлемі туралы ғылыми түсініктер.

34. Диалектиканың негізгі категориялары.

35. Диалектиканың тарихи формалары, диалектика заңдары.

36. Философиядағы қоғам мәселесі.

37. Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой-пікірлер.

38. Қоғамдық болмыс, сана. Элеуметтік философия түсінігі және негізгі принциптері.

39. Рухани қоғамдық өмірдің мәні.

40. Өндірістік қатынастар, өндіргіш күштер.

41. Танымның объектісі мен субъектісі.

42. Агностицизм түсінігі.

43. Дүниені танып білудің мәні.

Жаңа тақырыпты бекіту. 5 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с

2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г

3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

4. Темиргалиев, К. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. :

ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с

5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.

6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда :

ТОО "Medet Group", 2014. - 25

8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми

Астана, 2018.– 216 б.

9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.

10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми

редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408

11. Темиргалиев, К. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. :

ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 27 беті

12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.

13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.

2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.

3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).

5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).

7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру

8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.

Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>

2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Глоссарий

Қазақ тілінде	Орыс тілінде
Онтология	
«Бар болу»	
«Қоғамдық болмыс»	
Экзистенциализм	

ТАПСЫРМА

ГЛОССАРИЙ мен жұмыс

Болмыс–тарихи қалыптасқан кең мағыналы терең ауқымды философиялық ұғым.

Қоғамдық болмыс-қоғамдық сананы анықтайтын материалдық игіліктерді өндіру негізінде пайда болатын, одан тыс және тәуелсіз тіршілік ететін адамдардың табиғатқа және бір-біріне материалдық қатынасы.

Тар мағынада болмыс- адамның санасынан тыс тәуелсіз өмір сүретін объективті дүние.

Кең мағынада болмыс - адамның санасы ішкі рухани жан дүниесі.

Болмыс– бүкіл әлемнің тұтастығын, дүние мен адамның бірлігін, тіршіліктің мәнін білдіретін философиялық категория.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 28 беті

Материя – дүниені адамның санасынан тыс, әрі тәуелсіз объективті шындық деп қарайтын материалистік дүниетанудың түп қазығы.

Субстанция – алуан түрлі заттардың, құбылыстардың, процестердің өмір сүруінің, олардың ішкі бірлігінің негізі.

Апейрон – таусылмайтын, үнемі өзгеріп отыратын материя.

Күрделі заттар – қарапайым заттардың қосындысы.

Атом – бөлінбейтін ең кішкентай бөлшек.

Дүниедегі ең негізгі төрт зат – су, ауа, от, топырақ.

Әлемнің субстанциясы Фалес үшін – су.

Әлемнің субстанциясы А.С. Гераклит үшін – от.

Әлемнің субстанциясы Анаксимен үшін – ауа.

Әлемнің субстанциясы Анаксимандр үшін – апейрон.

Менделеевтің пікірінше материя дегеніміз – кеңістікте орны мен салмағы бар масса.

Гольбах пікірінше материя дегеніміз – біздің сезімізге бәрі әсер ете алады.

Аристотель пікірінше материя дегеніміз – барлық заттар құралып, жасалып шығатын материал.

Материяның өмір сүруінің түрлерін тереңірек зерттеп, бір арнаға түсірген – Энгельс болатын.

Карточка

Болмыс ұғымының философиялық мәніне сипаттама бер

Болмыстың философиялық мәніне талдау

1. «Эпистемология», «Таным теориясы» түсініктері бір-біріне сай келеді ме?

2. Идеал практиканың мақсаты бола алады ма?

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№7 сабақ

5.1. Тақырыбы: Қазіргі заманың жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Ғаламдану-қоғамдық құбылыс ретінде. Экологиялық апат қаупі. Жаһандану мен антижаһандану. Глобалдық сананың қалыптасу мәселесі.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушыларының білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Қазіргі таңда жаһандану, ең алдымен, бүгінгі орын алып отырған халықаралық экономикалық қатынастардың сипаты мен серпінді техникалық прогресті қамтамасыз ететін өндірістік күштердің (көлік, байланыс құралдары, әлемдік компьютерлік желілер және т.б.) даму деңгейіне қатысты болып келеді. Осы орасан ғылыми-техникалық прогресс әлемнің бейнесін түбірімен өзгертіп, жаһандануға алып келді, алуан түрлі халықтарды бір-біріне жақындата түсті. Дегенмен, қазіргі жаһандану бір жақты сипатқа ие емес. Өте ауқымды болып

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 29 беті

келетін өндірістік-қаржы ресурстарының трансұлттық корпорациялардың қолына шоғырлануы оларды, шындығында, әлемнің нағыз қожасына айналдырады. Нәтижесінде трансұлттық мемлекеттер өз егемендігінен айрылып, өз елдерінің нарықтарындағы қаржы-экономикалық жағдайды бақылау тізгінін босатып алады. Бұл жаһандық мәселелердің біреусі ғана болып табылады.

Жаһандану немесе Глобализация (ағылш. Global — «әлемдік», «дүниежүзілік», «жалпы») — жаңа жалпыәлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі. Терминді ғылыми айналымға алғаш рет 1983 жылы енгізген америкалық экономист Теодор Левитт. Жаһанданудың жаңа сатысының түрлі аспектілерін 20 ғасырдың ортасынан бастап Уолт Ростоу, Дэниел Белл, Алвин Тофлер, Питер Дракер, Джон Нейсбитт, Лестер Туроу зерделеді. Олар ғылымға “интеллектуалдық индустриялар экономикасы”, “ақпараттық қоғам”, “техникалық революция”, “ақпараттық жарылыс”, “ғаламдық ауыл” деген ұғымдарды енгізді. Қазіргі заманның жаһандық мәселелерін философиялық пайымдау

Жаһандық энергетика мәселесі – адамзатты қазіргі кезде және жақын болашақта энергия мен отынмен қамтамасыз ету проблемасы. Бұл проблеманың шығуының негізгі себебі ХХ ғасырда минералды отынды пайдалануының күрт өсуі. Дамыған елдер энергияның жұмсалыуына сұранысты кеміту арқылы шешсе, қалған елдерде салыстырмалы түрде энергия жұмсалыуы өсуде. Сонымен қатар, әлемдік нарықта энергоресурстарға дамыған елдер мен жаңа ірі индустриалды елдер (Қытай, Индия, Бразилия) арасында бәсеке өсіп келе жатыр. Осы жайттар және кейбір аймақтардағы әскери-саяси тұрақсыздықтар энергоресурстардың әлемдік бағасы деңгейіндегі ауытқуларына алып келеді. Олар ауытқуларға алып келіп қана қоймай, сонымен қатар кейбір кездерде кризистік жағдайларды туғызып, ұсыныс пен сұраныстың динамикасына, энергетикалық тауарлардың өндірісі мен тұтынуына айтарлықтай әсер етеді.

Әлемдік экономиканың экологиялық потенциалы адмзаттың шаруашылық қызметі себебінен жиі бұзылып отыруда. Бұған жауап болған экологиялық тұрақты даму концепциясы болды. Оның мәні болашақ заман қызығушылықтарын бұзбайтын қазіргі кездегі қажеттіліктерді ескере отырып әлемнің барлық елдерінің дамуы.

Қоршаған ортаны қорғау дамудың маңызды бөлігі болып табылады. ХХ ғасырдың 70-жылдары экономистер қоршаған орта проблемалары экономикалық даму үшін өте маңызды екенін түсінген. Қоршаған ортаның деградация поцестері өздігінен даму сипатына ие. Бұл ресурстардың толықтай жойылып кетуіне алып келуі мүмкін.

«Жаһандану» деген терминді қазіргі таңда естімеген адам жоқ шығар. Бұл сөзді балабақшадағы балаға дейін біледі деген ойдамын. Бірақ «Жаһандану деген не?» деген сұраққа адамдардың көбісі нақты жауап бермейді. Елдің көп бөлігі бұл сөздің мағынасын түсінгенімен аталған сұраққа нақты жауап бере алмайды. Сонымен, ең алдымен біз жаһанданудың не екенін біліп алу керекпіз. Әлемдік мұхиттар порблемасы – мұхит кеңістігі мен оның ресурстарын сақтап қалу мен тиімді пайдалану порблемасы. Қазіргі кезде әлемдік мұхит тұйық экологиялық жүйе ретінде бірнеше есе өскен антропогенді күштерге әрең шыдап отыр. Оның өзі мұхит өліміне әкелетін үлкен қауіп болып табылады. Сондықтан, жаһандық мұхиттар мәселесі деп отырғанымыз – ең алдымен оның аман қалуы. Демографиялық мәселе екі түрлі көрініс табады: дамушы елдердегі демографиялық күрт өсу және дамыған және өтпелі кезендердегі елдердің демографиялық қартаюы. Біріншісінің шешімі – экономикалық даму қарқынының дамуын жоғарылатып, халық санының өсу қарқынын төмендету болса, екіншісінің шешімі – эмиграция мен зейнетақы жүйесін реформалау болып тұр. Экономикалық өсу мен халық санының өсу ұзақ уақыттан бері экономистердің зерттеу пәні болып келеді. Бірақ осыған қарамастан, көптеген мамандар негізгі проблема – халық санының өсуі емес, келесі 2 мәселені айтады:

нашар дамушылық, яғни дамуда артта қалу;

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 30 беті

әлемдік қорлардың таусылуы мен қоршаған ортаның бұзылуы.

Қорыта айтқанда, адамзат дамуының жаһандық мәселелері оның кез келген даму кезеңдерінде өзекті болды. Десек те, аталған мәселелер ХХІ ғасырда ерекше маңыздылыққа ие болып, бүкіл халықаралық қоғамдастықты алаңдатып отырғаны жасырын емес. Жаһандық мәселелер дегеніміз шешімі өркениеттің ары қарай өмір сүруіне әсер ететін мәселелердің жиынтығы болып табылады. Олар қазіргі заман адамының өмірінің дамуының әркелкілігі мен адамдардың әлеуметтік – экономикалық, саяси – идеологиялық арақатынасында пайда болатын карама – қайшылықтардың себебінен туындайды. Бұл мәселелер жалпы адамзаттың өміріне әсер етеді. Адамзаттың жаһандық мәселелері – ғаламшарымыздың барлық тұрғындарының өмірлік қызығушылығын қозғайтын және бұл мәселелерді әлемнің барлық мемлекеттері ортақтасып шешетін мәселелер. Адамзаттың жаһандық мәселелеріне жататындар: Оңтүстік-Солтүстік мәселесі; азық-түлік мәселесі; кедейлік мәселесі; энергетика мәселесі; экология мен тұрақты даму мәселесі; әлемдік мұхитты меңгеру мәселесі; демография мәселесі; АИВ инфекциясы және т.б. Бұл тізім тұрақты емес. Сонымен қатар, өркениеттің дамуымен бірге жаңа жаһандық мәселелер туып отырады (ғарыштық еңістікті игеру, климатты қадағалау т.б.) Оңтүстік-Солтүстік мәселесі бұл – дамыған елдер мен дамушы елдердің экономикалық қатынастарының мәселесі. Оның мәні дамыған және дамушы елдер арасындағы әлеуметтік-экономикалық деңгейлердегі айырмашылықты азайту үшін дамушы елдер дамыған елдерден олардың нарығында дамушы елдердің тауарларына сұранысты ұлғайтуды, елге капитал мен білімінің ағымын ұлғайтуды (әсіресе көмек ретінде), сыртқы қарыздарын есептерін шығаруды және т.б. талап етуінде. Азық-түлік мәселесі дегеніміз – қазіргі кездің өзінде адамдардың өзін – өзі өмірлік маңызы бар азық-түлікпен толық қымтамасыз ете алмауы. Бұл мәселе неғұрлым төмен дамыған елдерде азық-түліктің абсолютті жетіспеушілігі (ашығу) деп танылса, дамыған елдерде тамақтану теңгерімсіздігі болып табылады. Бұл мәселенің шешімі табиғи ресурстарды тиімді қолдану, ауыл шаруашылығындағы ғылыми-техникалық прогресске және мемлекет тарапынан қолдау деңгейінен тікелей тәуелді.

Кедейлік мәселесі жаһандық мәселелердің ішінде ең негізгілерінің бірі болып отыр. Кедейлік деп отырғанымыз мемлекеттің сол елдегі адамдарды ең қарапайым және ең арзан өмір жағдайымен қамтамасыз ете алмауы. Әсіресе дамушы елдердегі кедейліктің үлкен масштабтары тек қана ұлттық емес, сонымен қатар әлемдік тұрақты дамуға үлкен қауіп тудырады.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.


5.4. Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
 ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 31 беті

7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б


Электронды оқулықтар:

- 1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.
Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
- 2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

5.6. Бақылау сұрақтары:

- 1.Ақпараттық қоғам ұғымына анықтама беру?
- 2.Жаһандық энергетика мәселесіне түсініктеме беріңіз
3. Адамзаттың жаһандық мәселелері

Үйге тапсырма беру. 5 мин

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 32 беті

№8 сабақ

5.1.Тақырыбы: Мәдениет түсінігі және оның мәні. Мәдениеттің тілі. Мәдениеттің кеңістігі және формалары.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: студенттердің мәдениеттің түсінігі мен мәнін меңгеруі.

- мәдениеттің мәнін анықтаудағы алуантүрлілік;
- контрмәдениет, субмәдениет;
- мәдениет морфологиясы: мәдениет кеңістігі мен уақыты;
- материалдық және рухани мәдениет ;

Ұйымдастыру кезеңі:– 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.


Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру:25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Мәдениет» (культура) сөзі – әрбір адамның сөздік қорында кездеседі, бірақ та бұл сөзге сан-килы мән-мағына беріледі. Мәдениет бірде рухани өмір құндылығы ретінде түсіндірілсе, кейде ол өнер, әдебиет құбылыстарына жатқызылады, сондай-ақ мәдениетті шаруашылық міндеттерді шешуге қатысты идеология ретінде қарастыратын дәстүрлерде бар. Мәдени құбылыстарды көптеген нақты ғылымдар – археология, этнография, тарих, социология, сондай-ақ, сананың түрлі формаларын қарастыратын философия, өнер, эстетика, дін, мораль және т.б. зерттеген түсініктер бар. Мәдениет (культура) термині қоғамдық және гуманитарлық пәндердің категориальдық аппаратына ене отырып, онда химиядағы – зат, физикадағы күш, биологиядағы – организм секілді маңызды роль атқарады. Жалпы мәдениет күнделікті жай ғана баға беруден бастап, ұқыптылық, сапалылық, орындылық, шеберлік түрінде көрінеді. Көп жағдайда мәдениеттілік қала өміріне, сауаттылыққа, рухани сұранымға, ғылым жетістігіне де қатысты түсініктемеде ұғындырылады. Мәдениет-әрбір халықтың ғасырлар бойы қордалап, сұрыптап, електеп өткізіп жинақталған материалдық және рухани қазынасы, игілігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, діні, тілі, танымдық айшықтары, көзқарастар жүйесі, халықтың өзіндік ұлттық қабілеті, басқа халықтардан айырмашылығы және өзін әрі қарай өркендететін қайнар бұлағы. Ол адамдардың рухани өмірінің барлық саласын қамтиды және көркемдік, эстетикалық, тағылымдық, танымдық өрнектері арқылы өзін әлемге паш етіп отырады. Мәдениеттің түрлері: дін, құқық, өнер, саясат, ғылым, мораль. Адамның мәдени қызметтерінің барлық түрлерінің ішінде діннің маңызы орасан зор. Дін мәдениеттануы. Дін адамның рухани шығармашылығының және қоғамның бір саласы болып табылады. Ол адамдар тіршілігінің бір қыры ретінде оның дүниеге, табиғатқа, қоғамға ерекше қатынасын білдіреді және адамның өз-өзінен оқшаулануын жеңіуіне көмектеседі. Дін мәдениеттің маңызды құбылысы. Адамгершілік мәселесі қойылып шешілген, жалпы адамзаттық құндылықтар жүйесі нәр алған әлемдік әдебиеттің шығармалары оның ерекшеліктеріне айналады. Әлемдік әдебиет, бейнелеу өнері, саз бүгінгі күнге дейін діни сюжеттер мен тақырыптарды қамтып келеді. Дінді мәдени құбылыс

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 33 беті

ретінде түсінуде оның шығу төркіні мен міндетін түсіндіру маңызды рөл атқарады. Дінді әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде арнайы пән – дінтану зерттейді. Қазіргі дінтану мәдениеттанумен ментальдықты зерттеу әдісіне тоғысады. Ментальдық — әлемнің қабілетін жасайтын мәдени дәстүрлердің бірлігін нығайтатын ақыл-ойдың, сенімнің жиынтығы. Дін екі ғасыр бойы мұқият үйрену мен зерттеудің объектісі болып келеді. Діннің адам мәдениетіндегі орнын, яғни мәдениеттің дінді тудыратындығын немесе діннің мәдениетті тудыратындығын түбегейлі іздеу мен пайымдау жүргізіліп келеді. Алғашқы мәдениет танушы – теоретик және мәдениет тарихшысы болып неміс ағартушысы Иоган Гердер саналады. Оның «Адамзат тарихының философиясына апаратын идеялар» жұмысын мәдениеттану білімінің бастауы деп атайды. Дін, Гердердің көзқарасы бойынша, мәдениеттің ең көне элементі. Дін барлық халықтарға мәдени және ғылыми білімнің шымалдығын ашты. Діннің мәдениеттің дамуындағы озық рөлін бағалауға ұмтыла отыра, Гердер египеттіктер мен басқа шығыс халықтарының, ертедегі барлық көзі ашық еуропалық ұлттардың – этрустардың, гректердің, римдіктердің ғылыми білімді діни көзқарастардан алғандығын атап өтеді. Оның пікірінше, поэзия мен өнер, саз бен жазу, агрономия және жыл санау, ізгілік пен мемлекеттік туралы ілім осылайша пайда болды. Дж. Фрэнклин өзінің басты «Алтын бұлақ» атты кітабында алғашқы діндер эволюциясы туралы өз көзқарасын білдіреді. Ол алғашқы адамның көзқарасын және бұдан кейінгі діни сенімін, әдет – ғұрпын, тыйымдарын түсінуге мүмкіндік беретін жалпы идеялық және психологиялық негізді табуға әрекеттенеді. Ал, кейінгі «Магиялар және діндер» теориясында адамзаттық ақыл – ойдың дамуының үш тармақты схемасы туралы ережені қамтиды. Олар: магия, дін, ғылым.

Құқық – мораль, саясат, экономика, өнер сияқты мәдениеттің ажырамас бөлігі. Құқық – сан қырлы түсінік. Ол үш түрлі мағнада қолданылады. Алғашқысы – қоғамдағы аса маңызды қатынастарды реттейтін нормалар жиыны және оларды бұзғандығы үшін мемлекет айып салады. Екінші мағнасы – жеке мүмкіндік, бұл мүмкіндікке заң кепіл береді. Бұл жерде әңгіме ар – ождан, дін бостандығы, еңбек ету, білімалу сияқты адам құқықтары туралы болып отыр. Ең соңында біз «құқық» сөзін заңдық емес мағнада жиі қолданамыз. Бұл да жеке мүмкіндік, алайда, заңда белгіленбеген. Қазір бізге адамның қалыпты дамуы үшін қоғамның рухани мәдениетін игеру қажеттігі айдан анық болып отыр. Ол мәдениеттің басқа түрлерімен қоса құқықтық мәдениетті де қамтиды. Олардың үйлесімі жеке адамның рухани дамуын қамтамасыз етеді.

Мәдениет саласында саясаттың алатын орны. Саяси мәдениет деген не?

Адамдардың саяси мәдениетке көзқарасы әртүрлі. Көпшілігі саясат лас іс және саяси «ойындарға» қатысу ұят деп санайды. Басқалары, егер саналылар саясатпен белсенді шұғылданбаса, онда саясатқа лайықсыз адамдар араласады деп санайды. Саяси шешімдерге дербес келу қабілеті – адамның саяси мәдениетінің элементі. Оны игеру үшін міндетті түрде университет бітіру немесе ғылыми кандидат болу шарт емес, барлық тұрғыдан да мәдениетті адам болуға ұмтылу жеткілікті. Бұл қабілеттілік адамды арсыз саяси қызметкерлердің қолындағы ойыншық болудан құтқарады. Саяси мәдениеттің ерекшелігі оның саясаттың өзін немесе саяси процесті құрайтындығында емес, саясат әлемі туралы пікірлер мен түсініктер жиыны екендігінде. Саяси мәдениет көптеген онжылдықтар бойында әртүрлі ұрпақ қалыптастырған саяси дәстүрлерді, саяси практиканың қолданымдағы нормаларын қамтиды. Оның құрылымына, сондай-ақ, билік жүргізіп отырған саяси жүйеге қатысты адамдардың бағдарламалары мен ұстанымы кіреді. Саяси мәдениеттің берік элементі ретінде жеке адамның, жеке топтың жалпы көзқарасының бір бөлігін құрайтын саяси көзқарасты алуға болады. Адамдардың саяси бағдарламаның ұнатушылығы мен жақтырмаушылығының саяси сипатына қоғамда үстемдік ететін көзқарастар жүйесі, қоғам мен әлем туралы жалпы фундаменталдық

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 34 беті

көзқарастар үлкен ықпал етеді. Өнер – мәдениеттің ерекше жеткілікті дербес және төтенше маңызды саласы. Ол мәдениеттің жаны, оның өзіндік танымының түрі. Өнер өз бейнелерінде әдеби мәтіндер , мүсін және сәулет туындыларында суреттер, саз әуенінде берілетін мәдениеттің біртұтас қаңқасын жасай отыра, дүниені бейнелейді. Өнер көңіл-күйді , сезімді білдіреді. Өнерде итсал кез-келген қуатты мүмкіндікті ақиқатқа айналдырады, адам мен дүниедегі жақсы атаулыны биікке көрсетеді. Өнердің арқасында адам әлемі, өзін басқа да адамдарды жақсы түсінеді. Өнер – бұл өзі адам мен сөйлесетін ерекше мәдениет тілі. Өзінің стильдік бірлігін сақтай отыра, өнер дүние мен адамды олардың қандай да кезең мен дәуірде қалайша көрінгендігін суреттейді. Сөндықтан да өнер адамдарды қатты қызықтырады, оларды толықтырады, бұрынырақта өтіп кеткен өмірдегі оқиғаларға күйіндіріп – сүйітеді. Өнердің ерекшелігі өзінің негізгі міндетіндегі шешілетін әлеуметтік мақсаттар сипатынан да көрінеді. Өдетте , өнердің , танымдық, тәрбиелік, өтемдік, қарым – қатынас міндеттері белгілі.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

OŃTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 35 беті	

4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).

5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том, Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. А. Алдабердіқызы, Ш.Ш. Әлменова, Д.М. Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).

7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру

8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.

Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017 <https://aknurpress.kz/>

2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Мәдениеттің негізгі тарихи типтерін атаңыз.
2. Жаһандық мәдени кодтардың қандай түрлері Сіздерге белгілі?
3. Мәдениеттің негізгі формаларын айтып беріңіз.
4. Рухани мәдениеттің түрлерін атаңыз.
5. Мәдениеттің тілі дегеніміз не?

Үйге тапсырма беру: 5 мин

№9 сабақ.

5.1. Тақырыбы: Қазақстан номадтарының мәдениеті.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Қазақстан номадтарының мәдениет жетістіктерін меңгеруі.

- материалдық (технологиялық) мәдениеттің басты жетістіктері;
- номадизм тұжырымдамалары және номадтық мәдениет типологиясы;
- номадизм түрлері (көшпенділер мәдениеті) және жіктелуі (классификациясы);

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру: 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 36 беті	

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

1. Адам мен мәдениеттің пайда болуы – бір-бірімен тығыз байланысты құбылыс. Адам мәдениеттен тыс өмір сүре алмайды, ол заттар, идеялар, символдарды жасаушы. Мәдениет – антропогенді. Адамның пайда болуынан бастап алғашқы мемлекеттердің пайда болуына дейінгі аралықты алғашқы қауымдық құрылыс деп атау қалыптасқан. Бұл уақыт аралығында адамның тек физикалық типі өзгеріп қана қойған жоқ, еңбек құралдары, баспана түрі, ұжымды ұйымдастыру формасы, жанұя, дүниетанымы өзгерді.

Адам қолынан шыққан еңбек құралдарын, баспанасын, жерлеу рәсімдерін салыстыра отырып, *археологиялық тұрғыдан кезеңдерге бөлу қалыптасты*: тас, қола және темір ғасыры. Палеолит /грек. *ежелгі тас*/ 12 мың жыл бұрын, мезолит - 9мың жыл бұрын, неолит – 6 мың жыл бұрын. (Мәдениет орналасқан жері бойынша да аталады, мысалы, Солт. Франциядағы Шель қаласының атымен аталуы және т.б.) Жыл, он екі ай-қыс, көктем, жаз, күз дейтін жылдың әр мезгілінде қазақ жұрты шаруашылығына қарай, малжай-күйіне қарай көшіп, қоныс ауыстырып отырған. Бұл көшпелі халқымыздың, көшпелілік мәдениетінің ең бірінші делік ерекшелігі. «Тұлпар аттың тұяғы сазға тисе жетіліп, тасқа тисе кетіледі» деген дана халқымыздың мәтелі бар. Таулы өңірде, әсіресе қыста тағаланған аттың тұяғы кетілмейді, табаны жұқарып тасырқамайды деп қазақ жұрты қысын-қыстауда қоныстанған. Осындай қыс мезгілінің өзіндік бір ерекшелігі болса, басқа мезгілдің күздің де, жаздың да, көктемнің де шаруашылыққа, мал-жайға пайдалы жақтары шаш етекпен. Шаруашылықтың дамуы, көшпелілер мәдениетінің дамуына ықпал етті. Жаз-жайлау, күз-күзеу деп көшкен қазақ жұртының кезекті ерекшелігі киіз үйінен айқын көрінеді. Астына мінген тұлпарлары-түйе, жылқы болса, түнеген баспаналары керегесі кең, шаңырағы биік-киіз үй болған. Бұл көшпелі мәдениеттің отырықшы мәдениеттен басты ерекшелігі деп атап кетуіме болады. Себебі, отырықшы халық бір жерде қоныстанған, олардың баспанасы іргетасы қаланған, көші-қонға келмейтін болған. Екі жұрттың арасындағы қатына сәр заманда, әртүрлі аймақта әрқалай болды. Көшпелілер мәдениетінің тағы бір ерекшелігін атап кетсем ол-мәдениетінің көп қырлы болуында. Көне заманда қазақ жерінде өмір сүрген тайпалар олсақ болсын, ғұн, үйсін, одан кейін орта ғасырлардағы түркілер бүкіл Еуразиялық көне және орта ғасырлық өркениеттермен әртүрлі себептер арқылы араласты. Сол арқылы көшпелілер өздеріне түрлі халықтардың жақсы мәдени жетістіктерін қабылдап, өздерінің мәдени үлгілерін басқа халықтарға жұғыстырды. Көшпелілер түрлі мәдениеттердің бір-бірімен араласуына, бір-бірінің мәдениетін ұғынып, өзіне қосуына бірден бір себепкер болған. Соның әсерінен көшпелілер мен отырықшы халық шаруашылық-экономикалық, НОМАДТАР (грек. *nomas* – ру, бөліну, *nomadas* – көшіп-қонушы) – шаруашылық қызметі мен оған байланысты тұрмыс салтының ерекше үлгісінде өмір сүретін әлеуметтік топтың өкілдері. “Н.” термині шөлейт, қуаң аудандарды мекендейтін малшыларға, кейде өте ежелгі шаруашылық – мәдени типке жататын кезбе аңшылар мен терімшілерге байланысты қолданылды. Б.з.б. 2-мыңжылдықтың соңы мен 1-мыңжылдықтың бас кезінде Еуразияның таулы-далалы өлкелерінде өндіргіш күштердің артуы және жаңа аймақтарды қоныстана бастауға байланысты далалы, шөлейт және шөлді жерлердегі тайпалардың бір бөлігі бақташылық мал ш-нан көшпелі мал ш-на ауысты. Б.з.б. 1-мыңжылдықта және б.з. алғашқы ғасырларында Орталық, Батыс Азия, Қара т. жағалауларын, сәл кейінірек Солтүстік Африканы мекендеді. Көшпелілікке өту мал басының өсуіне, қоныстанған аудандарды игеруге, тайпалар арасындағы байланыстардың дамуына жағдай жасады. Көшпелілікке неғұрлым бейімді жануарлар – қойлар, жылқылар, түйелер мен ешкілер болып шықты. Бірте-бірте арктик аймақтарда көшпелі бұғы ш. қалыптасты. Көшпелілер мен жартылай көшпелілердің негізгі кәсібі – мал ш. басқа кәсіп түрлерімен – егіншілік, сауда,

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 37 беті

аңшылықпен қатар дамыды. Әр түрлі табиғи жағдайларға байланысты көшіп-қонудың әр алуан түрлері қалыптасты (қ. Көшпелілік). Барлық тарихи кезеңдерде малшы көшпелілер мен отырықшы егіншілердің арасында тығыз экон., саяси және мәдени байланыстар болды; қ. Дала өркениеті.мәдени байланыстары арқылы бір-бірінің мәдениетін байытты.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4.Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар:компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар:өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер,тест тапсырмалары,сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

- 1.Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
- 5.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 38 беті	

7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру

8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.

Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>

2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Номадизмнің басты белгілерін атаңыз.
2. Сақ, үйсін, қаңлы, ғұн өркениеттеріне тән белгілерін анықтаңыз.
3. «Аңдық стиль» дегеніміз не?
4. Ежелгі Қазақстан территориясындағы архаикалық мәдениет: материалдық мәдениет ескерткіштері.
5. Номадизм мәдениет типі ретінде. Сақтар, сарматтар, скифтердің ұлы номадтық өркениеттері.
6. Сақ өркениетінің ежелгі гректік, ежелгі үнділік және ежелгі қытайлық мәдени өзара әрекеттестігі.
7. Қазақстандағы номадтық мәдениеттің дамуындағы ғұндық кезең.

Үйге тапсырма: 5 мин



№10 сабақ.

5.1. Тақырыбы: Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеті.

Сағат саны: 90 мин



Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Орталық Азияның ортағасырлық мәдениеттерінің ерекшеліктері мен жетістіктерін меңгеруі.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.


Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

Негізінен ертедегі және дамыған ортағасырлық мемлекеттер кезінде феодалдық қатынастар нығайып, мемлекеттік бірлестіктер пайда болып, отырықшы егіншілік пен қалалардың өсімі ілгеріледі. Орта ғасырлардағы тарихи және географиялық әдебиеттерде Оңтүстік, Оңтүстік-Шығыс және Орталық Қазақстанда, Талас, Қырғыз, Іле және Жоңғар Алатауларының бөктерлерінде, Қаратаудың күнгей және теріскей беттерінде,

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 39 беті

Сырдария, Арыс, Шу, Талас, Сарысу, Кеңгір, т.б. өзендердің аңғарларында егіншіліктің, қала құрылысы мен сәулет өнерінің жоғары дәрежеде дамығаны айтылады. 6 — 13 ғ-дың басында қалалардың пайда болу, даму тарихын археологиялық деректер-де растауда. Қазба жұмыстарының барысында қалалардың терең тамырлы материалдық мәдениет дәстүрлері болғанықталды. Ол дәстүрлер Қаңлы мен Үйсін заманындағы ежелгі егіншілік қоныстардан бастау алады. 6 — 7 ғасырларда феодалдық қатынастардың нығаюына байланысты экономикалық өрлеу басталды. Саяси және экон. орталықтар бірте-бірте қалаларға айнала бастады. Ортағасыр қалалары үш бөлікке бөлінеді: 1) Цитадель — қаланың ішкі бекіністі бөлігі; билеуші ордасы орналасқан; 2) Шаһристан цитадель төңірегіндегі, ақсүйектер мен саудагерлер және оларға қызмет етушілердің тұрғын үйлері орналасты. Ол қаланың экономикалық орталығы болды. Шаһристан әдетте мұнара, кіретін қақпалары бар дуалдармен қоршалған. Оның айналасында қолөнершілер мен кедейлер қоныстанған рабат орналасқан. Кейінгі кезеңдерде рабаттар да дуалмен қоршалды. Археологиялық қазбалардан жинаған материалдар қалаларда қол өнерінің қалай дамып, қандай дәрежеге жеткендігін шамалауға мүмкіндік береді. Орта ғасырларда қыштан ыдыс жасау ерекше дамыды. Көзе, саптаяқ, табақша, дастархан, құм түрлері көптеп жасалды. Қала тұрмысында тоқыма, әйнек үрлеу, зергерлік, ұсталық, ағашты және сүйекті бедерлеп ою жоғары дәрежеге жеткен. Әйнек бұйымдар жасау өндірісі кең өріс алған. Ежелгі Тараз, Отырар, Ақтөбе, Талғар, т.б. қалаларда әйнек әзірленген. Металдан шырағдан мен оның тұғыры, ағаш соқа түрені, орақ, кетпен, қару-жарақ (найза, садақ жебесі, т.б.) ұста аспаптары (балға, төс, қысқаш, т.б.) сияқты бұйымдар жасалған. Сүйек пен мүйізден бойтұмар, пышақ сабы, ойын сүйектері, түймелер, т.б. ұсақ-түйек бұйымдар дайындалды. Бұл кезеңде егіншілік шаруашылықтың жетекші салаларының біріне айналды. Егіншілікпен ауыл ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындары да шұғылданды. Қазақстандағы елді мекендер мен қала тұрғындары егіншілікпен, бақ және жүзім ш-мен шұғылданғаны туралы жазба деректерде көп айтылады. 6 — 7 ғ-ларда Қазақстан халқының көпшілігі жартылай көшпелі және көшпелі тұрмыс кешті. Түркілердің келуімен бірге Қазақстан жерінде тізбектелген балбалдармен қоса антропоморфтық тас мүсін, қатар-қатар тас қоршаулар пайда болды. Осы тұста темір үзеңгілер, садақ жебесінің, қанжардың жаңа түрлері, қылыш соғылды. Металл жапсырмалармен безендірілген жауынгерлік белбеу кең тарады. 6 — 8 ғасырлардан қалған бейіттерге өлген кісіні мінген атымен бірге жерлеу рәсімі тән. Бейіттердің сыртқы белгілері мынадай: астыңғы жағы төрт бұрышты немесе шаршы пішінді болып келеді-де, үстіне аласалау етіп тас немесе топырақ үйеді. Өлген кісінің мәйіті тұрқы сопақша етіп қазылған шұңқырға жерленеді, жанына заттары, әсемдік бұйымдары, қару-жарақтар қойылады. Атты шұңқырдың түбінен жоғарырақ тұстан ойылған кертпешекке төрт аяғын бауырына бүгіп, қырынан жатқызып көмген. Кейде бейітке аттың басы немесе денесінің бір бөлігі ғана қойылған. Бейіттерден қару-жарақ, ер-тұрман, тұрмыстық бұйымдар, қос жүзді семсерлер, ағаш қынапты қылыштар табылды. Қынаптың сырты былғарымен қапталып, өсімдік суреттерімен безендірілген. Жебелер ұшы әр түрлі — үш қырлы, төрт қырлы болып келеді, үш қанаттысы, жапырақ секілді жалпақтары да кездеседі. Ұзындығы 40 — 80 см құрайтын жебелер көк теректен жасалған, кейде қызыл түске боялған. Аттың ер-тұрманы, темір ауыздықтар, үзеңгілер және жүген әшекейлеріне қарағанда түркі ісмерлері әшекейлік жұқа темірлерді, айылбастарды жасауға өте шебер болған. Әдетте айылбастар қола мен темірден істеліп, жапсырмалар мен әшекейлерге қола, күміс, алтын пайдаланған. Олардың бетіндегі күрделі суреттерде барыс, жылан, бұғы, күшіген сияқты, андар мен өсімдік жапырақтары бейнеленген. Әсем белбеу жапсырмаларының көбі жүрек пішіндес. Сондай бір жапсырма әшекейдің бетінде жолбарысқа найза түйреп тұрған салт аттының суреті бейнеленген. Төрт бұрышты айылбастар, сүйектен істелген алқалар да табылды.

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 40 беті

Қызылқайнардан (Жетісуда) табылған алқа конус тәрізді етіп істелген-де, бетіне сілеусін басының суреті өрнектелген. Археологиялық материалдармен қоса жазба деректер-де түркілердің киім-кешегі жөнінде пайымдауға мүмкіндік береді. Сыртқы киім теріден, басқа киімдер жүн және жібек матадан тігілген. Ол кезде жұрт шапан киіп жүрген. Шалғайы солдан оңға қарай қаусырылған, денеге қонымды, ықшам шапанның сыртынан белбеу буынған, белбеуге қынаптағы семсер және пышақ, шақпақ, қайрақ, ұстара, т.б. ұсақ-түйек салатын кісе ілінген. Шалбардың балағын тұмсығы қайқиған, жұқа ұлтанды, өкшесіз етіктің қонышына салып жүрген. Қазақстан — тас мүсіндер көп тараған аймақ. Олардың арасында шынайы өнер туындылары да кездеседі. Оның ішінде әйгілі қошқар мүйіз тастар бар. Тас қашаушылардың (мүсіншілердің) шеберханалары болғаны, оларда түрлі мүсіндер жасалғаны мәлім. Мүсін жасауға тұрқы ұзын тастар (орташа биікт. 0,5 м-ден 2,8 м-ге дейін) таңдап алынған, тастың беті бедерлеу немесе ойып кейіптеу әдісімен өңделген. Мүсіндерде көбінесе еркектің суреті салынған, кейде әйел бейнесі-де кездеседі. Әдетте, еркектер шапан киген, кіселі белбеулі, асынған қаруы бар қалпында бейнеленеді. Кейде жалаң бас, кейде бас киімді болады. Көптеген мүсіндерде адам оң қолымен, кейде екі қолымен бірдей ыдыс немесе үлкен саптыаяқ ұстап тұрған күйінде, ал базбір мүсіндерде адамның беті немесе басы ғана бейнеленген. Ақсүйек өкілдерінің мүсіндері жасалған. Олар, әдетте, қырынан немесе жалпағынан қаланған төрт бұрышты тас қорғандармен қоршалған бейіттердің басына қойылған. Мүсіндердің арқасы қоршауға, беті шығысқа қаратылып орнатылған. Мұндай ескерткіштер өлікке ас берілетін төбелердің басына да қойылған. Кейде бейіттің қоршауларынан шығысқа қарай кейде қатар-қатар тізілген тас бағана — балбалдар орнатылған, олардың арасында антропоморфты мүсіндер-де бар. Тас мүсіндер тұрақты иконографиялы мәдени сипаттағы ескерткіштер. Ислам қағидаларының таралуымен байланысты адамды бейнелеу дәстүрі жойылды. Бұл дін едәуір кейінірек сіңген солт. аудандарда ғана адамның тас мүсінін жасау дәстүрі едәуір уақыт бойы сақталып келді. Қазақ жерінде 6 — 8 ғасырларда айналыста болған, ақша пішінін сипаттайтын материал тым тапшы. Бұл дәуірдегі теңгелерді билік басындағы рулардың өкілдері шығарған. Олар бұл, ақшаларға өздерінің белгілерін — рудың идеограммалық таңбаларын түсірген. Бұл таңбаларға қарап билеушінің руын, сондай-ақ, қай рудың ежелгі ру екенін анықтауға болады. 6 — 8 ғасырлардағы Оңтүстік Қазақстанның ең ірі саяси-экономикалық аудандарының бірі Отырар қ. болды. Бұл қаланың және оның төңірегіндегі тұрғындардың тұрмысы шет аймақтарға елеулі ықпалын тигізді. Отырар қолөнершілері шығарған өнім Қаратаудың күнгейі мен теріскейіндегі, Сырдарияның орта, ағысы мен Арыс, аңғарындағы көптеген қалалардың базарларында сатылды. Отырар маңында, ақшалы сауданың өріс алғанын Отырартөбенің өзінен және оның төңірегіндегі қалалардың ескі жұртынан (Мардан-Күйік, Құйрықтөбе) табылған заттар дәлелдеді. Жазба деректерде Сырдария бойындағы кейбір қалалар хараджды дирхемнің екі түрімен: мусейябимен және хорезмимен төлегендігін дәлелдейтін мәліметтер бар. Қарахан әулетінің ақша шығару ісі Самани әулеті заманынан қалған мұраны пайдаланған. Бұрынғыша «қара дирхемдердің» барлық түрлері айналымда жүре берді, олардың ішінен неғұрлым ұзағырақ пайдаланылғаны гитрифи түріндегі «мыс тектес» ақшалар болды. Бұған қоса, базар нарқы зорлықпен енгізілген дирхемдердің жаңа түрлерімен толықтырылды. Егер 11 ғасырдың басында жоғары сапалы күміс дирхемдер айналымда жүрсе, содан кейін құрамындағы мыстың мөлшері 35%-ға дейін жететін теңгелер шығарылғаны белгілі. Күміс, ақша құю 11 ғасырдың соңғы ширегіне дейін созылды. Шамамен 11 ғасырдың орта кезінен бастап Қарахан мемлекетінің ақша жасайтын үйлерінің бір бөлігі біраз уақыт мыс пен қорғасынның қорытпасынан құйылған дирхемдер-де шығарып тұрған. 12 — 13 ғасырларда олар мыстан жасалып, бетіне күміс жалатылды. «Күміс дағдарысының» пайда болуына Орта Азияда күміс

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 41 беті

қорының азайғандығы себепші болды. 11 ғасырдан 13 ғасырдың бас кезіне дейінгі аралықта қала өмірінің өркен жайған, тауар өндірісі өскен, сауда дамыған кезең болды. Өндірістің қаулап өсуі нарықты алмасу құралымен көптеп қамтамасыз етуді талап етті. Күміс қоры таза күміс теңгелердің пайда болуына мүмкіндік жасай алмады. Самани әулеті мен қарахан әулеті тұсында тауар орнына жүрген алтын динарлар енді айналым құралына кірді. Алтын, ақша айналымында тұтас теңгелер ғана емес, сонымен бірге олардың әр түрлі көлемдегі және салмақты бөлшектері-де айналымға қосылды. Көптеген, ақша жасайтын үйлерде алтын динарлар шығарылды, олардың сапасы мен салмағында оқта-текте айырмашылық болды. Әйтсе-де олар бір мезгілде айналымда жүре берген. Бұған Орта Азия жерінен табылған, ақша қазынасы дәлел бола алады. Ұсақ бөлшек сауда үшін мезгіл-мезгіл мыс, ақша шығарылып тұрған. Негізінен ертедегі және дамыған ортағасырлық мемлекеттер кезінде феодалдық қатынастардың нығаюы, мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы, отырықшы егіншілік пен қалалардың өсуі, бірігіп, топтасуға бағытталған этникалық өзгерістердің күшеюі Орта Азия, Таяу Шығыс және Шығыс Еуропа халықтарымен экономикалық және мәдени байланыстар Қазақстан халықтары мен тайпаларының рухани мәдениетінің өсуіне ықпал етті. Монументті сәулеттік құрылыстар пайда болып, исламның таралуына байланысты қалаларда мешіттер салынды. Сәулет және сән өнерінің ескерткіштері — Тараздағы Айшабиді және Қарахан мазарлары салынды. Көзе, әсіресе құйма көзе жасау ісінде жаңа белгілер (ыдыс-аяқ түрінде, сондай-ақ оның өрнектері мен бояу түсінде) — хромдау, жылтырату, әр түрлі өрнек түрлері (өсімдік бұтақтары, жапырақтары, нақышты араб жазулары, геом. пішіндер) және т.б. пайда болды. Бұл жергілікті көзе ерекшеліктерін сақтай отырып, оларды Мауераннахр, Хорезм көзелеріне жақындатты. Қыпшақ, оғыз, қарлұқ және ұйғыр тайпалары мен халықтары тілінің негізінде көне түркі руна жазуларын ығыстырып шығарған араб графикасындағы түркі жазулары қалыптасты. 11 — 12 ғасырдың әдеби ескерткіштерінің басым көпшілігі түркі этносының (негізінен қыпшақ-оғыз, қарлұқ-ұйғыр топтары) жергілікті тілдерінің даму бағыты етек ала бастағанына қарамастан, жалпы түріктік, тайпааралық «түркі» тілінде жазылды. Орта Азия мен Қазақстанның көптеген ғалым, әдебиетші, ақындары араб тілінде жазды. Оңтүстік Қазақстан мәдениетінің дамуына Отырардан (Фарабтан) шыққан, мұсылман әлеміне белгілі ұлы философ және ғалым-энциклопедист Әбу Насыр әл-Фарабидің ғылыми қызметі дәлел. Ол әлемдік мәдениет, әсіресе көне, араб, үнді-иран мәдениеті жетістіктерімен тығыз байланысты жергілікті мәдениет дәстүрлерімен тәрбиеленіп өсті. Әл-Фараби адамның ақыл-ойы мен болмысының диалектикасы бірлігін ашып берді; астрономия мен геодезия, архитектураның матем. негіздері, муз. мен эстет. теориялары бойынша зерттеулер жүргізіп, бірқатар әлеуметтік және логикалық трактаттар жазды. «Құтадғу білік» дастанының авторы Жүсіп Баласағұни (11 ғ.) түркі тайпаларының тілі, фольклоры және этнографиясына арналған белгілі «Диуани лұғат-түрік» шығармасының авторы Махмұт Қашқари, сондай-ақ, мәдени-тарихи және әлеум. тұрмыстық жайлардан мәлімет беретін «Диуани Хикмат» өлеңдер жинағының авторы Қожа Ахмет Ясауи әдебиет саласын еңбектерімен байытқан. Жазу мен ғылымның дамуы. VI- VIII ғасырларда түрік қағанатына бағынған Орталық және Орта Азияның түркі тілдес халықтары, сондай-ақ Хазар қағанатын құрған төменгі Еділ бойының, Дон жағалауы мен Солтүстік Кавказдың түрік тайпалары өздерінің жеке жазуларын қолданды. Жазу негізінен әкімшілік және елшілік тәжірибелеріне қатысты, сондай-ақ мемлекеттік актілерді бекіту қажеттілігінен туындаған тәрізді. Діни қатынастардың да белгілі бір рөл атқарғаны анық. Шежірелерде айтылғандай, ертедегі түріктер ағаш тақтайларға "қажетті адамдардың аттарын, салық пен малдың санын" есептеу мақсатында ойықтар салатын болған. Сонымен қатар түрік елшілері грамотамен жабдықталды. 567 жылы Константинопольге II Юстиниан императоры сарайына келген елші

O'NTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 42 беті	

соғды Маниах қағаннан "скиф жазуымен" жазылған хатты әкелген. "Мұның не жазу" екендігін түрік қағанатының - Бугут көне жазуы ескерткішіне қарап білуге болады. Бағананың үш жағында соғды тілінде жазылған жазу бар. Оның бір жағындағы брахма жазуымен санскриттегі жазба толығымен өшкен. Сөйтіп, руна әріпі пайда болғанға дейін түріктер соғды әліппесін кеңінен қолданғанын, ол Түрік қағанатының бірінші ресми жазуы болғандығын білеміз. Жаңа жазба - көне түрік әліппесі - түріктердің арасында VII ғ. бірінші жартысында пайда болған. Әліппе алғашында бір-бірінен бөлек жазылатын геометриялық белгілерден құрылып, 37 немесе 38 әріптен тұрған, оның соғды әліппесінен айырмашылығы ағаш пен тасқа жазуға қолайлылығымен ерекшелінеді. Руна ғаріптері түркі тілінің ерекшеліктерін дәл бере білді. Әдеби және тарихи тұрғыдан алғанда, руна ескерткіштері тіл мен әліппеге қатысты біркелкі емес. Аймақтық белгісіне орай ескерткіштер бірнеше топқа бөлінеді. Моңғолиядан табылған руна ескерткіштері Орхон, Тола және Селенга өзендері алқаптарында шоғырланған. Бұл топқа Білге-қаған мен Күлтегінге арналған белгілі руна мәтіндері жатады: Кошо-Цайдам бағаналары, Чойрэн бағанасы, Тоныкөк ескерткіші, Онгин жазуы, Куличор құрметіне арналған бағана, Селенга тасы, Сэврэй тасы, **Терхин бағанасы**, Тэсинь бағанасы, Қарабалғасун жазуы, Суджа жазуы, Тайхир-чулудің 20 жазуы, Исе-Асхеттің 2 жазуы, Хэнтэй жазуы, Хангай мен Гобаның ұсақ жазуы, сондай-ақ соғды тіліндегі Бугут жазуы. Бұл жазулар "орхон ескерткіштері" деп аталады. Тува және Минусин аймағындағы Енисей ескерткіштеріне жататын құлпытастарда, тастарда, алтын және күміс ыдыстарда, теңгелерде қазіргі таңда белгілі болған жазудың 150 түрі белгілі болса, Лена-Байкал жағалауындағы ескерткіштер тобында тұрмыс заттарына жазылған, әлі күнге дейін оқылмаған 16 қысқа жазу кездеседі. Алтай тобының ескерткіштері: бір тас бағана мен тасқа жазылған жазулар және молалардан табылған күміс ыдыстағы жазулар (барлығы 50-ге жуық жазулар). Шығыс Түркістан ескерткіштеріне Тұрфандағы көне құрылыстың қабырғасында жазылған 4 жазу, үңгір ғимараттарындағы 2 жазу, Миран мен Дуньхуандағы қағазға түсірілген бірнеше ірі мәтіндер, қоладан жасалған қол айнадағы жазу жатады. Ал Жетісулық деп аталған Орта Азиялық ескерткіштер тобына - Талас алқабындағы құлпытастардағы, теңгелердегі, тұрмыстық заттар мен ағаш таяқтардағы 12 жазуды, ал Ферғана ескерткіштеріне жататын қосалқы тобы керамика мен металдағы 17 қысқа жазу жатады. Көне түркі мәдениетіндегі адамзат өркениетінің өлмес қазыналарының бірі - баға жетпес асыл мұрасы - жазудың пайда болуы мен жазба әдебиетінің байлығы. Білге-қаған мен Күлтегіннің және басқа түрік елінің көрнекті қайраткерлерінің құрметіне арналған руна мәтіндері ең құнды әдеби шығармалар ретінде және сол кезеңнің тарихын баяндайтын дерек ретінде жоғары бағаланады. Бірақ біртіндеп оңтүстік өлкелерді арабтардың жаулауы, ислам дінінің көшпелі аксүйектер арасына терең тамыр жаюы нәтижесінде ежелгі түріктердің руна жазуы ығыстырылып, араб графикасы негізінде жаңа түрік жазбасы қалыптасқан. Ортағасырлық мәдениеттің қаншалықты деңгейде дамығандығына философ, ғалым энциклопедист, Отырардан (Фарабан) шыққан Әбу Насыр ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлак әл-Фараби ат-Түріктің (870-950) ғылыми еңбектері куә. Немістің шығыстанушысы Ф. Дитеритстен бастап Дж. Сартонға дейінгі мәдениет пен ғылымның көрнекті өкілдері, тарихшылар Әл-Фарабиді кереметтеп, ұлы тұлға екендігін ерекше баяндайды. Ол астрономияны, логиканы, музыка теориясын, математиканы, социология мен этиканы, медицина мен психологияны, философия мен құқықты зерттеді. Оған "Муаллим ассана" - "екінші ұстаз" деген атақ берілген. Бұл жерде "екінші" деген Аристотельден кейінгі дегенді білдіреді. Әл-Фараби шын мәнінде әлемдік дәрежедегі ғалым болды, ол өзінің шығармаларында араб, парсы, грек, үнді мәдениетімен түрік мәдениетінің жетістіктерін бір-біріне жақындастырып, біріктіре білді. Ол атақты "Китаб аль-музык аль-кабир" атты еңбегінде музыка мәселесіне ерекше мән береді. Ол ғылымды, білімді жаңғыртушы болды, бұл оның "Ғылымды топтау туралы сөз" деген еңбегінде қамтылды. Әл-

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 43 беті

Фараби саяси философия мен этикаға ерекше мән берді, өйткені, солардың арқасында шын мәніндегі бақытқа қол жеткізуге болады, бұл бақытты алдамшы бақыттан ажырата білу керек деген, Әл-Фараби жақсылық тілеуші қаланы надан, адасқан қалаға қарсы қояды, ақ ниетті адамдар үшін өтірік айту, алдап-арбау және астамшылық жат нәрсе деген. Рухтың еркіндігі туралы Әл-Фараби шығармаларында өте анық жазылған. Фарабидің қолжазбалары әлемнің көптеген кітапханаларында сақталған. Әл-Фарабидің осы еңбектері арқылы ортағасырлық ғылым қалыптасты, оның ықпалымен Ибн Руштің, Ибн Синаның, Омар Хайямның, Роджер Бэконның, Леонардо да Винчидің және өзге де ойшылдардың дүниетанымы қалыптасты. Дамыған орта ғасырлар кезеңіндегі тағы бір ірі әдеби поэтикалық шығарма “Құтатғу білік” немесе “Қайырымды білім” поэмасы болып табылады. “Құтатғу білік” ежелгі Түркстанның батысы мен шығысында бірдей IX ғасырдан бастап-ақ ықпалды, іргелі елдік құрған қарахандар әулетінің билігі дәуірлеп тұрған заманда Жүсіп Хас-Хаджиб жазған. Ол X ғ. соңы мен XI ғ. алғашқы жылдарында қазіргі қазақ елінің жер ауқымына енетін ежелгі Баласағұн шәһарында туып өскен. Жүсіп Баласағұн айтулы этикалық-философиялық еңбегін 54 жасында жазған. Баласағұн қаласында бастаған бұл шығармасын Қашқарда аяқтап, Қарахандар мемлекетінің сол кездегі әмірі Сатұқ Боғра ханға тарту етеді. “Құдатғу білік” 6520 бәйттен тұрады және 124 бәйттің қосымшасы бар. Шығарманың жалпы көлемі 13 мың екі шумақтан құралған өлең. Поэманың 3 түрлі қолжазбасы сақталған: ұйғур жазуымен венгерлік, сондай-ақ араб ғарпімен жазылған каир мен намангандық нұсқалары. “Қайырымды білім” тек әдеп-мораль трактаты ғана емес, терең философиялық шығарма, онда идиалдық қоғамның нормаларын, бұл қоғамдағы әртүрлі тап өкілдерінің мінез-құлық ережелерін суреттейді. Білім – билеуші үшін де, халық үшін де игілікке қол жеткізудің бірден-бір қайнар көзі деген идея оның мазмұнына арқау болған. Жүсіп Баласағұнның осы еңбегі арқылы Қарахандар дәуіріне барлау жасап, тарихи-этнографиялық құнды пайымдаулар түйіндеп, пікір қорытуға болады. Шығармада ел басқарудың экономикалық, әлеуметтік-тұрмыстық ахуалы, әскери істі ұйымдастырудың, шаруашылықты, тағы басқа да мемлекеттің әл-ауқатын жақсартудың ерекшеліктері суреткерлік-философиялық тілмен баяндалады. Еңбекте сол заманғы ғылым мен мәдениеттің жетістіктері де аңғарылып отырады. “Құтты білік” атты даналық дастаны ғұлама атын күллі Тұран еліне, Шығыс әлеміне танытты. Батыс пен Шығысты кең шарлап кеткен бұл әдеби жәдігер он ғасырдай мерзім өткенде өз атамекеніне оралды. 1986 жылы қазақ жерінде өз ана тілімізде алғаш рет жарық көрді. Сол X-XII ғасырлардың өзінде-ақ Орта Азия, Қазақ елі аумағын мекендеген халықтардың мәдени даму биіктерінің бірі болған философиялық поэманың даналық ойлары күні бүгінге дейін аса құнды, өміршең. “Құтты білік” – ежелгі түркі тіліндегі классикалық поэзияның тұңғыш шығармасы. Түрік тайпаларының тілі, фольклоры, этнографиясы туралы шығарма авторы Махмуд Қашқари (1029-1101) еді, оның халиф әл-Мухтадиге арнап 1072-1074 жж. жазған “Түркі тілдерінің сөздігі” («Диуани лұғат ат-түрк») атты атақты шығармасы бар. Онда тарихи-мәдени, этнографиялық және лингвистикалық материалдар жинақталып, кеңінен қамтылған. “Түркі тілдерінің сөздігі” - XI ғасырдағы түркі халықтарының дүние танымының ерекшелігін, этникалық құндылықтары мен мінез-құлық нормаларын сипаттайтын түркі мәдениетінің ескерткіші, онда ата-бабаларымыздың бұрынғы мұралары толық қамтылған. Кітапта ежелгі зороастрийлік-шамандық дүниеге көзқараспен қатар жаңа идеология - исламның элементтері мен оның бір тармағы суфизм туралы да айтылған. “Сөздік” қазіргі кезде А.Н.Кононовтың айтуы бойынша XI ғасырдағы түріктердің өмірі туралы бірден бір ақпарат көзі болып табылады: атап айтқанда, олардың материалдық мәдениеті, тұрмыс-салты туралы, эпонимдер мен топонимдер, рулық бөлініс жөнінде, түрлі лауазым иелерінің атақтары мен атаулары, тағамдар мен сусындар атаулары туралы, мал шаруашылығы жөнінде, өсімдіктер мен дәндер туралы, астрономиялық терминдер, металдар

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 44 беті

мен минералдар туралы, географиялық терминология мен номенклатура туралы, қалалар, аурулар мен дәрілер атаулары, тарихи және мифологиялық батырлар, діни және этникалық терминология туралы, балалардың ойыны мен ойын-сауықтар туралы және т.б.". Махмуд Қашғари өзінің кітабында мынандай негізгі жанрларды бөліп қарастырады: түркі тілді фольклорлық-тұрмыс-салт және лирикалық әндер, батырлар жырынан үзінділер, тарихи ертегілер мен аңыздар, 400-ден аса мақалдар, мәтелдер және шешендік сөздер. Түркі суфизмінің негізін қалаушы, ойшыл және ақын Қожа Ахмет Яссауи ортағасырда өмір сүріп артында мол мұра қалдырды. Оның өмірі мен қызметі Яссы (Түркістан) қаласымен тығыз байланысты. Оның "Диуан-и хикмет" атты кітабы сақталған. Яссауи түркі суфизмінің көшбасшысы. "Диуан-и хикметте" исламның негізгі ережелері мен қағидалары баяндалады. Автор 4 ұстанымды, атап айтқанда, шариатты, тарихатты, хакихатты, мағрифатты түсіндіруге ерекше мән береді. "Шариат" - ислам дінінің заңдары, дәстүрі, салт-дәстүрі, "Тарихат" - суфизм идеясы, "Хакихат" - құдайға құлшылық ету, бірігу. "Мағрифат" - дінді танып-білу. Яссауидің пікірінше, шариатсыз, тарихатсыз, мағрифатсыз хакихат жоқ. Ол "Хикметте" Алланың атын түріктер бұрын өзінің құдайы санаған Тәңір атымен жиі алмастырып отырған. Түріктер жаңа исламдық өркениетке көшкен соң да халықтың даму бағытын бір арнаға салуға күш жұмсады. Демек, жаңадан енгізілген идеологияны бұқараның ғасырлар бойы қалыптасып қалған сана-сезімінен, олардың ұстанып келген Тәңірге табынушылық - шаманизммен, зороастрийлікпен біріктіре білудің орны ерекше болған, кейін мұндай процесс "Түркі халқының мұсылмандығы" деген атауға ие болды. Осы орайда яссауилік ілім зор рөл атқарды, ол әділдікті, рухани тазалықты және адамның рухани дамуын жетілдіруді насихаттады, ал мұндай игі қадам түркі халықтарының көңіліне қонды. Егер рухани күш болмаса, құдайға шын көңілмен сенбесе, тіпті соған орай өзін-өзі құрбан етуге дейін бармаса, адамның өзін-өзі тануы мүмкін емес, - деген қағиданы ұстанған Ахмет Яссауи өзінің барлық ғұмыры мен қызметін тап осындай идеялық-өнегелік жолға арнады. Осылайша VI-XII ғасырларда кең толғамды, парасатты пайымдаулары мол ғылыми мұралардың, ақындық өнердің үздік дара туындыларының дүниеге келуіне белгілі бір өркениетті ахуалдың құнарлы топырағы, тарихи-элеуметтік орта тынысы мен қоғамдық-саяси жағдайлардың заңдылықтары, алғышарттары болғаны күмәнсіз. Бұл классикалық шығармалар сол кездің өзінде белгілі дәрежеде әдеби-мәдени дәстүрдің, көркемдік-эстетикалық танымның қалыптасқан мектебінің болғандығын меңзейді. Сөйтіп, VI-XII ғасырларда тарихи қалыптасқан жағдай ғылымның дамуына, феодалдық негіздің нығайып, мемлекеттік құрылымдардың шығуына, отырықшы-егіншілік мәдениет пен қалалардың өсуіне, этникалық шоғырланушылық процестердің күшеюіне әкелді.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темиргалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темиргалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 45 беті

5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / каз. тіл. ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том, Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. А. Алдабердіқызы, Ш.Ш. Әлменова, Д.М. Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Әл-Фарабидің ғылымдағы рөлін анықтаңыз.
2. Хорезми мен Бирунидің ортағасырлық көрнекті ойшыл ретіндегі еңбегі қандай?
3. Қарахандық кезең мәдениетіне сипаттама беріңіз.
4. Әл-Қашғаридің түркі тілі мен әдебиетіндегі рөлі қандай?
5. Ж. Баласағұни, А. Иүгінекидің қосқан үлестерін анықтаңыз.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293	
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 46 беті	

6. Қазақстан мәдениетінің дамуына исламның таралуы қалай ықпал етті?

Үйге тапсырма: 5 мин

№11 сабақ

5.1. Тақырыбы: XV-XIX ғ. аралығындағы қазақ мәдениеті.

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

5.2. Мақсаты: Қазақ мәдениетінің қалыптасуы және XV-XIX ғ. аралығындағы қазақ мәдениетінің дамуын меңгеруі.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.

б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.

в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;

ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;

б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;

в) Оқушыларының білімдерін бағалау;

г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

XV-XVIII ғ. басы Қазақ халқының тарихи мәдениеті басты орын алған кезең болды. Тура осы кезде халықтың ауызша шығармашылығының әр түрі дами берді және де ауызша, жазбаша әдебиеттер, шынайы музыкалық өнер де дамыды. XV-XVII ғғ. үлкен көлемде әр-түрлі жанрдағы халықтың ауызша шығармашылығы дамыды. Ең жоғарғы орынды “салттық әндер” алды: сәби өмірге келгенде, тойларда, ауырған кезде, адам қайтыс болғанда, жаңа жылды қарсы алғанда т.б.. Екі жастың тойында мына өлеңдер айтылады: “*Той бастар*”, “*Жар-жар*”, “*Беташар*”, “*Қыз танысу*”. Адам қайтыс болғанда немесе қоштасу кезінде өлеңдер айтылады: “*Қоштасу*”, “*Естірту*”, “*Көңіл айту*”, “*Жоқтау*”, “*Жұбату*”. Қазақ халқының шығармашылығының ең көп тараған түрі “терме” болды. Ақын жыршылар өздері поэмалар, өлеңдер, тарихи поэмалар, ертегілер т.б. жазды. Терме өз шеңберінде дауыс ырғағымен де, өз ерекшелігімен де ерекшелінді. Эпикалық, тарихи айтуларды тек қобызбен, домбырамен жеткізген. Шығармашылық жанрлардың бір түрі ертегі болып саналды. Қазақ халқының өмірін ертегімен айқын көрсетеді. Ертегіде қызықты өмірді, тұрмысты бейнелейді. Ертегілердің көбісі мұсылман дінін қабылдағанша шықты. Халықтың мәдени-тұрмысын ертегі сюжетінен көреміз. Ертегілердің жанрының өзі әр көлемде. Мысалы: жануарлар әлемі туралы, тұрмыс жайлы, ғажайып оқиғалар, т.б. Ертегілер: “Ер Төстік”, “Құла мерген”, “Еділ-жайық”, “Алтын сақа”, “Қара мерген”, Аламан-Жоламан”, “Асан қайғы” т.б. Бұларда сұлулар, мергендер, батырлар, аңшылар, ойшылдар, далалар бейнесі берілген. Жануарларға арналған: “Бөзінген”, “Сытандар”, “Тепек-көк” т.б. үй жануарлары, жобайы аңдар бейнеленген. “Аяз би”, “Жиренше-шешен”, “Алдар-Көсе”, “Қожа Насыр және Шопан”, “Тазша” т.б. қызыл тілге сүйенген, даналардың халық ортасынан шығуы бейнеленген. Қазақ эпосы – бұл ауызша шығармашылықтың бір түрі. Ол ежелгі дәуір тереңіне байланысты. Ежелгі түрік батырларын алуға болады. Ол эпостар “*Қарабек*”, “*Ер Көкше*”, “*Қобыланды*”, “*Қамбар*”. Бұлар XII-XIV ғасырға жатады. XVI-XVII ғғ. дамудың жаңа этаптары басталды: сюжеттік поэмалар. Онда өз отандарын басқа елден келгендерден қорғау барысы бейнеленген. Әлеуметтік-тұрмысты поэмалар жастар махаббатына арналады, онда айтылған салт-дәстүрлердің, халықтың ерекшеліктеріні сипаттау

OÑTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 47 беті

жағынан алатын орыны зор. Мәселен, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу”, “Қыз Жібек”, “Күлше қыз”, “Назымбек”, “Сұлу шаш”, “Мақпал қыз” атты поэмалар соның айғағы. Қазақтың лирикалық поэмасына айтарлықтай үлес қосқан шығыс халықтарының классикалық поэзиясы. Махаббат лирикасындағы әндер “Жүсіп пен Зылиха”, “Ләйлі мен Мәжнүн”, “Боз жігіт”, “Сейфуль-Малик”, “Тахир мен Зухра”. Бұлар да қазақ халқында белгілі бір орын алған. Қазақ ауыз әдебиетінің жанрлары да кең тамыр жайған: мақал-мәтелдер, жұмбақтар, үзінділер, шешендік сөздер, сатира, юмор, лирикалық әндер (жырлар), тұрмыстық дастандар және т.б.

Музыкалық шығармашылық. Еңбек көріністері, салт-дәстүр, халық ойындары және мерекелер – музыка әлемінде өздерінің көріністерін тапқан. Вокалды және инструменттік өнердің дамуы поэтикалық дәстүрдің дамуына, түп-тамырын жалғауға негіз болды. Қазақта және басқада халықтарда тек музыка мәдениетін қорғаушы, ұрпаққа жеткізуші аспап-саздармен орындаушы, солистік әншілер болды. Әрбір ақынның, әншінің баға жетпес құралы ұшбұрышты, сопақ түрдегі — домбыра. Өз кезінде қос ішекті, іші қуыс, асты терімен жабылған қобыз сияқты құралдар болған. XVI-XVII ғғ. халық ойындарында, мерекеде, эпикалық, тарихи, ертегі және тұрмыстық жырларды халық таланттары жаңғырта білген. Күйлерді орындаудан бұрын халық таланттары шығарманың мазмұнын қысқаша баяндап, “Енді тыңда, домбыраның сазын” деп аяқтайтын болған. Өткен тарихымыздан біз ауыз әдебиетінің талант иесіне қанша күш беріп, сондай бір тербеніске әкелетінін білеміз. Ауыз әдебиетінің ерекшелігін, алтын қазығын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші ақын, жырау, әнші-импровизаторлар. Ақындар орта ғасырда-ақ ауыз әдебиетін жаңғырта білген. Олар екіге бөлінген: жыршы және әнші. Ауызша және жазбаша әдебиеттер. Поэзия. Жырау XV ғ. басы XIX ғ. қазақ әдебиетінде жыраулық ерекше дамыған. Жыраулар көбінесе қоғамдық жұмыстарда, ханның кеңесшісі, соғыс басшылары болып қызмет атқарған. Қазақтардың көрнекті де беделді жырауының бірі Қазтуған Сүйіншіұлы. Ол XV ғ. 20 жылдарында Еділдің төменгі ағысындағы Ноғайлы ұлысының беделді биінің жан ұясында дүниеге келген. Оның өлеңдері Ноғай ұлысының басшысы ретінде, өзара тайпалардың бірлігіне, ерлікке шақырады. Доспанбет жырау XV ғ. 90-жылдарында Азау қаласында дүниеге келді. Бақшасарай және Стамбул қалаларында болған. Ол өз өлеңдерінде ерлік пен адалдықты, отанды қорғауды жырлады. 1523 ж. Астрахан соғысында қаза тапты. Қазақ халқының мәдениетінде Шалғез-жырау Тіленшіұлы (1465-1560) үлкен із қалдырды. Ноғай ұлысында Жүсіп пен Смаил арасындағы қақтығыста Шалғез жырау Жүсіпті қолдады, бірақ ол жеңілгеннен кейін Шалғез жырау Қазақ хандығынан тыс жерлерге көшіп кетті. Шалғез поэзиясы терең мағыналы, көркем бейнелерге толы, патриоттық болған. Шалғез қазақтың өлең құрылысын қалыптастырған және батырлық эпостардың жыршысы болған. Жыраулар поэзиясын жалғастырған және байытқан Марғасқа-жырау мен Жиёмбет-жырау (XVII ғ.). Марғасқа тек қана жырау болған жоқ, сонымен қатар ол батыр да болған. Ол Тұрсын ханға қарсы соғыстарға қатысқан. Ол “Есім” деген батырлық жырдың авторы болып табылады. Алшын руынан шыққан Жиёмбет Бортоғашұлы Есім ханның кезінде Кіші жүздің биі болған, ойраттарға және Тұрсын ханға қарсы күрестерге қатысқан. Кіші жүзді Қазақ хандығынан бөліп алғысы келгендігі үшін, қазақ-ойрат шекарасына қарай қуылған. Содан Есім хан қайтыс болғаннан кейін, өзінің туған жеріне қайта оралған. Ақтамберді жырау (1675-1768) Оңтүстік Қазақстанда Қаратау ауданында дүниеге келген. Ол бала кезінен ақын-импровизатор ретінде таныла бастады. Ол барлық жоңғарларға қарсы күрестерге белсене қатысты, ал XVIII ғ. 50-ші жылдары халықтың шығысқа, жоңғарлардан тартып алынған жерлерге қарай, қозғалысын басқарды. Ақтамберді Семей облысы, Жүрек Жата жерінде жерленген. Үмбетей (1706-1778) халықтың жоңғарларға қарсы батырлық күресін, бейбіт өмірге ұмтылысын жырлаған. Үмбетейдің ең атақты шығармасы Бөгенбай батырға арналған. XVIII ғ. ерекше атаққа Бұхар Қалқаманұлы (1668-1781) ие болған. Бұхар-жырау Тауке-хан мен Абылай кезіндегі атақты

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 48 беті

билердің бірі болған. Ол – мемлекеттің біртұтастығына, оны сыртқы жаулардан қорғауға арналған көптеген өлеңдердің авторы. XVIII ғ. аяғы мен XIX ғ. басында Тәттіқара, Көтеш, Шал сияқты атақты ақындар болған. Тәттіқара Сарыкөл жерінде (қазіргі Қостанай обл.) дүниеге келген. Цинь империясына қарсы күреске қатысқан. Қазақ батырларының ерлігін жырлап, эпостық жырларды орындаған. Ақын импровизаторлар Көтеш (1745-1818) және Шал (Тілеуке Күлекеулы) (1748-1819) адам, оның моральдық және этникалық күйі жайлы өлеңдер жазған. Жазба әдебиеті. Ауыз әдебиетінен басқа, қазақтарда жазуда дамыған. Әдеби шығармашылықтың негізгі жанрлары – діни және тарихи еңбектер. XV-XVIII ғғ. қазақтар арасында “Қысас ал-анабия”, “Бадуаш”, “Суфи Аллаяр”, “Кесік-Баги” және т.б. кітаптар тараған. Бұл шығармалар діни бағытта болған. Бізге XVI-XVII ғғ. жазылған тарихи шығармалар да жеткен. “Тарихи Рашиди” шығармасы Мағұлстанның және Қазақ хандығының тарихына арналған. Оның авторы — ұлы жүздің дулат тайпасынан шыққан Мұхаммед Хайдар. Оның “Жахан-наме” деген поэмасы бар. Қазақтардың ең маңызды тарихи көркем шығармасы “Жәми ат-тауарих” оның авторы Тәуекел хан тұсындағы ықпалды би болған жалайыр руынан шыққан Қадырғали Қосымұлы. 1587 ж. ол сұлтан Ораз-Мұхаммедпен бірге орыстардың қолына тұтқынға түсіп, Мәскеуде және Касимовта ұзақ уақыт тұрып, өз шығармасын жазды. Кітап XV-XVI ғғ. қазақ тарихына арналған. Мақал-мәтелдерге бай, шежіреден көп дерек береді. Кітап аңыздық ықпалы бар ежелгі қазақтың әдеби тілінде жазылған. XVI ғ. Өтеміс-қажы “Шыңғыс-наме” деген тарихи еңбек жазған. Кітаптың маңыздылығы сол, онда XIV-XV ғғ. қазақтардың саяси құрылысы, хандары, Қазақ хандығының ұлықтары мен ұлыстарының шығуы және рулар мен тайпалар туралы мол мағлұматтар береді.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.

ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 49 беті

13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
- 3.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 4.Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 5.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том.Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.С.А.Аяпбекова,Н.Т.Базарбай,А.Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
- 6.Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том,Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд.А.Алдабердіқызы,Ш.Ш.Әлменова,Д.М.Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).
- 7.Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру
- 8.Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

- 1.Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір. Шәуқенова З.К., Нұрмұратов С.Е. , 2017 <https://aknurpress.kz/>
- 2.Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

5.6. Бақылау сұрақтары:

- 1.Қазақ мәдениетінің қалыптасуы. Қазақтардың эпикалық мәдениеті.
- 2.Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің этикалық құндылықтары. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, рәсімдері.
- 3.ХҮІІІ-ХІХғғ. Қазақ мәдениеті. Қазақ Ағартушылығы феномені.
4. Құрманғазының, Тәттімбеттің,Жаяу Мұсаның және т.б. музыкалық шығармашылығы..
5. Қазақ мәдениетіндегі «Зар Заман» феномені.
6. Көрнекті қазақ интеллигенция өкілдерінің негізгі идеялары: Ә.Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың, Т.Рысқұловтың және т.б.

Үйге тапсырма: 5 мин

№12 сабақ

5.1.Тақырыбы: XX-XXI ғғ. Қазақ мәдениеті. Қазақстанның мәдени саясаты.

№2 Аралық бақылау

Сағат саны: 90 мин

Сабақ түрі: теория

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 50 беті

5.2. Мақсаты: Қазақ мәдениетінің қалыптасуы және XX-XXI ғ. аралығындағы қазақ мәдениетінің дамуын меңгеруі.

Ұйымдастыру кезеңі: – 5 мин.

- а) Оқушылардың сабаққа қатысуын тексеру.
- б) Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру.
- в) Сабақтың мақсаты мен міндеті.

Оқушылардың өтілген тақырып бойынша білімін тексеру. 25 мин

- а) Барлық оқушыларының үй тапсырмасын орындауын тексеру;
- ә) Оқушылармен уақыт бойынша жұмыс істеу;
- б) Сабақты сұраудың жалпы әдісі, бақылау сұрақтарын пайдалану;
- в) Оқушыларының білімдерін бағалау;
- г) Үй тапсырмасын қорытындылау.

Жаңа сабақты түсіндіру: 35 мин

5.3. Дәрістің тезісі:

№2 аралық бақылауға арналған сұрақтар

1. Философия тарихындағы адам мәселесі.
2. Адам проблемасы, адамға берілген анықтамалар.
3. Адамның пайда болуы туралы түсініктер.
4. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық алғышарттары.
5. Адамның әлеуметтік мәні және ұлттық тұрпаты.
6. Адам бойындағы табиғи және қоғамдық сипаттың үйлесімділігі.
7. Құндылықтар проблематикасы. «Аксиология» Игілік, мейірімділік, қайырымдылық, әділдік, ізгілік, ар-ұят, беделділік, заңдылық, тәуелсіздік, зұлымдық ұғымдары.
8. Адамның рухани байлығының өлшемі.
9. Дара тұлға, даралық түсініктерінің мазмұны.
10. Жеке тұлға-өз болмысының субъектісі.
11. Қазіргі философияның өзекті мәселелері.
12. Ғылым мен мәдениеттің даму ерекшеліктері. Прогресс.
13. Ғылым және ғылыми көзқарас, мәні мен ерекшелігі.
14. Адамзат болашағы.
15. Мәдениеттану-мәдениет туралы ғылым. Мәдениет және өнер.
16. Мәдениеттану пәні оның міндеті. Мәдениет - адам әлемі.
17. Қоғамдағы мәдениеттің негізгі қызметі. Мәдениеттің негізгі жүйелері.
18. Материалдық және рухани мәдениет, оның құндылықтар жүйесіндегі орны.
19. Мәдениеттің мұрагерлік, адамды қалыптастыру қызметі.
20. Мәдениет және өркениет ұғымының арақатынасы.
21. Мәдениеттану ғылымы қоғамдық ғылымның саласы.
22. Мәдениет ұғымының даму логикасы және тарихы.
23. Өнер туралы түсінік. Өнердің шығу тегі. Өнердің орындаушылық түрі. Сәулет өнері. Көркем өнер. Кино.
24. Дүниежүзілік мәдениеттер мен өркениеттер.
25. Ежелгі Шығыс мәдениеті. Антикалық мәдениет.
26. Египет мәдениетінің құндылықтары: пирамидалар, Мысыр жазуы, наным-сенімдері.
27. Ежелгі Қытай мәдениетінің мәні: Конфуций, Дао, Будда ілімінің алатын орны.
28. Қытай иероглифтерінің мәдени тарихы. Ежелгі Қытай өнері.

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 51 беті

29. Үнді мәдениетінің негізгі бағыттары, алғашқы философиялық мектептер. Үнді эпостарының дүниежүзілік мәдениеттегі орны. Үнді халқының әдет-ғұрыптары. «Махабхарата» мен «Рамаяна» поэмалары - көне үнділік әдеби мұра.
30. Грек мәдениетінің мәні. Ежелгі Грек философиясы, космологиясы.
31. Ежелгі грек мәдениетіндегі мүсіндеу және сәулет өнеріндегі дүниетанымдық көзқарас.
32. Ортағасырлық араб - парсы мәдениеті.
33. Араб-парсы мәдениетінің қазақ мәдениетіне тигізген әсері.
34. Ортағасырлық араб мәдениеті мен ислам. Омар Хаям, Сағди, Хафиз, Низами, Руми дастандары.
35. Қайта өрлеу мәдениетінің кезеңдері.
36. Еуропаның Реформация дәуіріндегі мәдениеті. Мәдениеттегі рационализм.
37. Ағартушылық кезеңіндегі Еуропа мәдениеті.
38. Ежелгі Русь мәдениеті. Ежелгі Русьтің православ дінін қабылдауы.
39. Русь жылнамалары. XVIII-XVIIIғ. архитектура және құрылыс өнері.
40. Орыс тарихындағы «Күміс ғасыр».
41. Ежелгі славяндардың дүниетанымы. София саборы-таңғажайып өнер туындысы.
42. Қазақ жеріндегі ежелгі мәдениеттер мен өркениеттер және қазақ мәдениетінің бастауы.
43. Ежелгі түркі өркениеті және оның ерекшелігі.
44. Дәстүрлі қазақ мәдениеті.
45. Қазіргі Қазақстан мәдениеті.
46. Көшпелілер дүниетанымы. Көшпелі өркениеттің ерекшелігі.
47. Дәстүрлі қазақ мәдениетінің табиғи-ғарыштық негіздері.
48. Көшпелілердің әдет-ғұрыптары. Қазақтың ұлттық ойындары. Қазақ халқының қолөнері. Халықтық қолөнер. Қазақ этнографиясы. Ұлттық киім үлгілері. Ағаш өңдеу және зергерлік өнер.
49. Отбасылық мәдениет. Отбасылық құндылықтар. Отбасылық, некелік қатынастар.
50. Қазіргі қарым-қатынастар мәдениеті.
51. Будда мәдениеті.
52. Христиан өркениеті.
53. Ислам өркениеті.

Қазақтың XX ғасырдағы мәдениеті. Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын XX ғасырдың бас кезінде ары қарай жалғасты. Қазақ мәдениеті XX ғасырды әрі үмітпен, әрі түңілумен қарсы алды. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады. Ұлттық идея темір тордағы халықты толғандырып, оны азаттық үшін күресуге ұмтылдырды. Әрине, ұлт-азаттық күреске бүкіл Ресей империясын қамтыған революциялық және реформалық қозғалыстар да әсерін тигізді. Алайда **Қазақстандағы** толқулар тек орыс революционерлерінің ықпалымен болды деу жаңсақ пікір. Бірде-бір ресейлік саяси ұйым мен белгілі қайраткерлер империяны таратып, басқа ұлттарға азаттық әперу туралы мәселе көтермеді. Социал-демократтардың өздері Шығыс халықтарының оянуына **панисламизм**, пантюркизм айдарын тағып, күдіктене қарады. Мәселе, сонымен бірге Ресейдің халықтары әр түрлі өркениеттерге жататындығында. Батыс христиандарына жақын эстондар мен араб-парсы әлеміне түбірлес өзбек, қазақтардың арасында ортақ мәдени негіз тым аз еді. Өзіне туысқан халықтардағы сияқты Қазақстандағы мәдени қайтадан жаңғыру орыс экспансиясына қарсы шығудан басталды. XX ғасырдың басында қазақтан шыққан алғашқы саяси қайраткерлердің бірі Міржақып Дулатов қазақ халқының манифесі — «Оян, қазақ!» өлеңін жариялады. Ол тұңғыш рет халықты ашық күреске шақырған ұран тастады:

O'NTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 52 беті

«Қазақстаннан болған социал-демократтарға бір ауыз сөз айтамын: Еуропаның пролетариясы үшін қанды жас төгуіңіз пайдалы, бірақ өз халқыңыз қазаққа артық назар салыңыз, орыстың кара халқының күнелтуі ауыр, сонда да алды ашық. Қазақ халқы алты миллиондық бір ұлы тайпа бола тұрып, басқа халыққа карағанда жәрдемсіз азып-тозып кетер». (Оян, қазақ! 10-бет). Міржақып саяси мәселелермен қоса өз шығармасында қазақ мәдениетін тұйықтан шығаратын жолдар іздейді. Ең алдымен мәдени тоқыраудың себебін М. Дулатов бодандықтан көреді.^[1] Екі ғасырдың арасында қазақ мәдениетінде пайда болған бір құбылыс кейін өріс алған маргиналдықтың көбеюі. Бұл жерде әңгіме ұлттық мәдениеттен алыстап, үстемдік етіп отырған жат өркениетке қызмет еткендер туралы болып тұр. Болыстар мен тілмаштар, әкімшіліктің маңайындағы неше түрлі пысықтар көптеген жағдайларда «мәңгүрттік» қасиеттерге ие болып, ұлттық мәдениеттен қол үзе бастады.

Жаңа тақырыпты бекіту. 15 мин

Жаңа сабақтың тақырыбы бойынша мақсаты мен мазмұнына сай сұрақтар қою.

5.4. Иллюстративті материал:

- а) техникалық құралдар: компьютер, интерактивті тақта, мультимедиялық құрылғы.
- ә) көрнекі және дидактикалық құралдар: өзіндік жұмыстарға арналған кеспелер, тест тапсырмалары, сөзжұмбақтар.

5.5. Әдебиеттер:

Негізгі:

1. Темиргалиев К. А. Философия : учебное пособие для медицинских вузов и колледжей / К. А. Темиргалиев, А. Х. Жоломанова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 210 с
2. Ғарифолла Есім Қазақ философиясының тарихы Алматы, 2016г
3. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
4. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа, 2016-240 бет.с
5. Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
6. Қасабек, А. Қазақ философиясы: оқу құралы. - Алматы : Эверо, 2015
7. Турысжанова, Р. К. Основы философии: учеб. пособие для білім алушыов вузов / Караганда : ТОО "Medet Group", 2014. - 25
8. Джонстон Д. «Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін». Ғылыми Астана, 2018.– 216 б.
9. Хесс Р. «Философияның таңдаулы 25 кітабы». Ғылыми ред. Раев Д.С. – Астана, 2018.–360 с.
10. Кенни Э. «Батыс философиясының жаңа тарихы. 1-том: Антика философиясы» / ғылыми редактор Молдабеков Ж. Ж. – Астана, 2018. – 408
11. Темірғалиев, Қ. А. Философия : оқу құралы / Қ. А. Темірғалиев, А. Т. Бәкірова. - М. : ГЭОТАР – Медиа 2016 ж.
12. Алтаев Ж. А. Ғылым тарихы мен философиясы: оқулық . 2011. - 468 бет.
13. Кішібеков Д. Философия: оқулық . 2010. - 360 бет.

Қосымша:

1. Сегизбаев О.А. «Қазақ философиясының тарихы». /перевод. Нурышевой Г.Ж., М.Сабит, 2017.
2. Бегалинова К.К., Альжанова У.К. «Философия». Часть 1,2. –Алматы: Жібек жолы, 2014.
3. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

OÑTÚSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы	044-73/11-293
Әдістемелік өңдеу	56 беттің 53 беті

4. Джонстон, Д. Философияның қысқаша тарихы: Сократтан Дерридаға дейін: монография / қаз.тіл.ауд. Г.З. Әбдірасылова [және т.б.]. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 216 б. с. : (Рухани жаңғыру).

5. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 1-том. Антика философиясы = Ancient Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. С.А. Аяпбекова, Н.Т. Базарбай, А. Рыскиева. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].

6. Кенни, Э. Батыс философиясының жаңа тарихы: 2-том, Орта ғасыр философиясы = Medieval Philosophy : монография / Э. Кенни ; ауд. А. Алдабердіқызы, Ш.Ш. Әлменова, Д.М. Қалиев. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 400 б. с. : (Рухани жаңғыру).

7. Кенни Э. Батыс философиясының жаңа тарихы : 4-том. Қазіргі заман философиясының бастауы = Philosophy in the modern world : монография / Э. Кенни ; Қаз. тіл ауд. А. Байдлаева [және т.б.]. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 412 б. с. : Рухани жаңғыру

8. Қазақбаева, Ж. Р. Философия негіздері: оқу-әдістемелік құралы / Ж. Р. Қазақбаева. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013. - 302 б

Электронды оқулықтар:

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір.

Шәукенова З.К., Нұрмұратов С.Е., 2017 <https://aknurpress.kz/>

2. Мәдениеттану [Мәтін] : оқу құралы / [Т. Ғ. Ғабитов және т.б.] ; құраст. Т. Ғ. Ғабитов. - Алматы : Лантар Трейд, 2019. - 415, <https://elib.kaznu.kz/>

5.6. Бақылау сұрақтары:

1. Қазақ мәдениетінің қалыптасуы. Қазақтардың эпикалық мәдениеті.

2. Қазақтардың дәстүрлі мәдениетінің этикалық құндылықтары. Қазақ халқының салт-дәстүрлері, рәсімдері.

3. ХҮІІІ-ХІХ ғғ. Қазақ мәдениеті. Қазақ Ағартушылығы феномені.

4. Құрманғазының, Тәттімбеттің, Жаяу Мұсаның және т.б. музыкалық шығармашылығы..

5. Қазақ мәдениетіндегі «Зар Заман» феномені.

6. Көрнекті қазақ интеллигенция өкілдерінің негізгі идеялары: Ә. Бөкейхановтың, А. Байтұрсыновтың, М. Дулатовтың, Т. Рысқұловтың және т.б.

Үйге тапсырма: 5 мин

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Әдістемелік өңдеу

044-73/11-293

56 бетің 54 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Әдістемелік өңдеу

044-73/11-293

56 бетің 55 беті

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы

Әдістемелік өңдеу

044-73/11-293

56 бетің 56 беті